



САЯСИ ДИАЛОГ ПЕН ДӘЙЕКТІ ДИПЛОМАТИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістанның Нью-Дели қаласында «аутрич»/«БРИКС+» форматындағы пленарлық отырыста сөз сөйледі. Жиын «Орнықтылықты, инновацияны, ынтымақтастық пен тұрақтылықты нығайту» тақырыбына арналған.



Мемлекет басшысы қонақжайлық танытқан және БРИКС саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырған Премьер-министр Нарендра Модиге алғыс айтты.

— Біздің кездесуіміз Үндістанның бірегей бай мәдени мұрасын паш ететін Нью-Дели қаласында өтіп жатыр. Мұның өзі символдық мәнге ие. Бүгінде «Адамзат — бәрінен маңызды» қағида-сына негізделген және халықтардың мүддесін көздейтін күн тәртібі аса өзекті. БРИКС аясындағы ынтымақтастық-

тың 20 жылдығымен тұспа-тұс келген Үндістанның төрағалығы бұл бағытқа айрықша серпін берді, — деді Қазақстан Президенті.

ЖАҒАН ТЫНЫШТЫҒЫ – БАСТЫ МҰРАТ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһан жұртының жартысына жуығын құрайтын және әлемдік ішкі жалпы өнімнің 40 пайызын беретін БРИКС –

айтарлықтай мүмкіндікке ие. Сонымен бірге аталған құрылым алауыздықты азайтып, нақты нәтижеге қол жеткізуге де жауапты.

— Дегенмен халықаралық қоғамдастық алдында тұрған іргелі мәселелердің шешімін тауып, жетекші державалар арасындағы сенім деңгейін қалпына келтірмейінше, БРИКС әлеуетін толық іске асыру мүмкін емес. Бұл үрдіс 2026 жылы жарияланған Жаһандық бейбітшілік индексында айқын көрініс тапты. Геосаяси қактығыстар ұшығып, милитаризация күшейген, көпжақты институттар әлсіреп, сауда кедергілері көбейген кезеңді сипаттайтын «Жаппай жікке бөліну» деген ұғым пайда болды. Былтыр қактығыстардың салдарынан жаһандық экономика шамамен 22 триллион доллар зиян шекті. Яғни әлемдік ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына парапар. Бұл — алаңдатарлық ахуал. Біз аймақтық кикілжіңдердің қактығысушы тараптармен шектелмей, халықаралық экономикаға зардабын тигізе бастағанына куә болып отырмыз. Маңызды теңіз жолдарының үзілуі жаһандық энергетика, азық-түлік және сауда тізбегіндегі осал тұстарды анық көрсетті, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚОС ХАЛЫҚТЫҢ ДОСТЫҒЫН БЕКЕМДЕГЕН ДАҢҒЫЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ли Чжэ Мёңнің шақыруымен Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барды.



Сапар аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кореяның бірқатар азаматын марапаттады. Сеулде Корея Республикасының мемлекет және қоғам қайраткерлеріне ІІ дәрежелі «Достық» ордені салтанатты түрде табысталды.

Мемлекет басшысы бүгінгі мән-маңызы ерекше рәсімге жиналған қауымға ілтипат білдіріп, қазақ пен корей ежелден достас халықтар екеніне назар аударды.

— Екі елдің арасы алшақ болғанымен, бізді өзара құрмет пен ортақ мүдде жақындастырды. Корея экономикасы айналалындағы бәсекелестік пен сын-қатерлерге қарамастан ойдағыдай дамуда. Бұл — халықтың еңбекқорлығы мен ірі кәсіпкерлердің арқасы. Қазақ халқы мен билік өкілдері достас Корея еліне шынайы сыйластықпен қарайды. Корея Республикасы — Қазақстанның стратегиялық серіктесі. Біз Кореяны халықара-

лық абырой-беделі зор мемлекет ретінде білеміз. Бүгінде мемлекеттеріміздің сан қырлы ынтымақтастығы жыл санап нығайып келеді. Осыдан бес жыл бұрын Кенейтілген стратегиялық серіктестік туралы мәлімдеме қабылдаған едік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі мемлекет арасында терен саяси диалог орнап, сан қырлы ынтымақтастық нығайғанын атап өтті.

— Сауда-экономикалық қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатыр. Біз машина жасау, энергетика, металлургия, озық технология және басқа да салада бірқатар ірі жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Әлемге танымал корей компаниялары елімізде табысты жұмыс істеуде. Мәдени-гуманитарлық байланысымыз да күшейді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кореямен байланысты күшейтуде еліміздегі корей

ұлтының өкілдері ерекше рөл атқаратынын айтты.

— Қазір Қазақстанда жүз мыңнан астам корей ұлтының өкілдері тұрады. Олардың еліміздің экономикасы мен қоғамдық-саяси дамуына қосқан үлесі орасан зор. Елімізде барлық этностар үшін қолайлы жағдай жасалған. Корё-сарам қауымдас-тығы да қазақ жерінде тату-тәтті өмір сүріп, еліміздің ынтымақ-бірлігін арттыруға мол үлес қосып отыр. Қазақстанда Корей мәдени орталықтары қызмет етеді. Алматыдағы академиялық корей театры көрерменнің көзайымына айналды. Сондай-ақ корей тілінде газет шығады, арнайы радио-хабар таратылады, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, қос халықтың достығын бекемдеу ортақ мүддеге сай келеді.

— Бүгін қазақ-корей қарым-қатынасы үшін маңызды күн деп санаймын. Мен осы сапарымның аясында Корея Республикасының бірқатар көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерін ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл — қазақ жұртының өздеріңізге деген шынайы құрметі, риясыз көңілінің белгісі. Сіздер алдағы уақытта да екі ел арасындағы байланысты нығайтуға сүбелі үлес қоса бересіздер деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Рәсім барысында Корея Республикасы Ұлттық жиналысының 22-шақырылым депутаты Мён Сон Гю мен Ли Чжэ-кан, Сеул киберуниверситетінің президенті Ли Сан Пон, Хангук шет тілдері университетінің (HUFs) профессоры, Орталық Азияны зерттеу институтының директоры Сон Ён Хун, Hyundai General Hospital көпбейінді клиникасының директоры Ким Бу Сон ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАЙЛАНЫС

Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модиді БРИКС саммитінің табысты өтуімен құттықтап, халықаралық ауқымдағы іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын жеткізді.



Президент әлемдік экономикада көшбасшылардың бірі саналатын Үндістанның ғылыми-техникалық саладағы тамаша жетістіктеріне және халықаралық аренадағы зор беделіне тоқталды.

— Үндістан Сіздің парасатты әрі тегеурінді басшылығыңызбен прогресс пен орнықты даму жолында алға қарай нық қадам басып келеді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ-үнді қарым-қатынасы көптеген бағытта қарқынды ілгерілеп келе жатқанын атап өтті.

— Бүгінде Қазақстанда үнді капиталының үлесі бар 600-дей компания нәтижелі жұмыс істейді. Былтыр елімізге 150 мыңға жуық Үндістан азаматы келді. Қазақстанда көптеген үнді студенттері білім алып жүр. Сондай-ақ біз халықаралық ұйымдар аясында тығыз ықпалдастық орнаттық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Нарендра Моді БРИКС саммитіне қатысқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген бастамалар мен ұсыныстардың өзектілігіне назар аударды.

Үндістан Премьер-министрі Қазақстанмен достыққа және өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын жеткізді.

Көшбасшылар екіжақты күн тәртібіндегі нақты мәселелерді, соның ішінде энергетика, цифрландыру, білім және туризм салаларындағы ынтымақтастық жолдарын талқылады.

Нарендра Модидің айтуынша, екі елдің жоғары технология және креативті индустрия бағыттарындағы әлеуеті мол. Осы орайда Astana Hub және Хайдарабад технологиялық экожүйелері арасындағы серіктестіктің келешегі зор.

Үндістан Премьер-министрі Қазақстанның өкілдерін, әсіресе жастарды келесі жылы Мумбайда өтетін WAVES креативті индустрия саммитіне қатысуға шақырды.


Тараптар Үнді елі мен Еуразиялық экономикалық одақ арасындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін қарастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан ЕАЭО Төрағасы ретінде ұйым мен Үндістан арасында еркін сауда аймағын құру жөнінде келіссөздер жүргізуді құптайтынын және оны ілгерілетуге ықпал етуге дайын екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

СЕРІКТЕСТІКТІ ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эфиопия Премьер-министрі Абий Ахмед кездесіп, екіжақты қарым-қатынасты дамыту перспективасын, атап айтқанда, саяси диалогты, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты жандандыру мәселелерін талқылады.



— Сіздің еліңізге зор құрметпен қараймыз. Аддис-Абебадағы тұрақты түрде қызмет ететін елшілігіміз Қазақстанның Африка құрлығындағы алғашқы дипломатиялық өкілдіктерінің бірі болды. Бұдан бөлек, Қазақстан Африка Одағында байқаушы ел ретінде танылған. Сондықтан біздің Африкаға деген қызығушылығымыз айқын әрі орнықты сипатқа ие. Әсіресе Эфиопияға көзқарасымыз ерекше. Елдеріңізбен қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенімізді айтқым келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту арқылы іскерлік серіктестікті жандандыруға мол мүмкіндік бар. Әңгімелесу барысында тараптар бір-бірінің сауда-экономикалық және инвестициялық әлеуетімен танысу, Қазақстанда Эфиопиядан шай, кофе, сондай-ақ гүл өнімдерін жеткізуге арналған хаб құру перспективасын зер-

делеу үшін екі елдің делегацияларын жіберуге уағдаласты.

Абий Ахмед Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасы Құрылтай сайлауының табысты өтуімен құттықтады. Сонымен қатар екі ел арасындағы өзара түсіністік пен конструктивті ықпалдастық деңгейі жоғары екеніне тоқталды.

— Эфиопия да халықтың әл-ауқатын жақсартып, мемлекеттің институционалдық әлеуетін күшейтуді көздейді. Осы орайда Қазақстан сияқты достас елдердің озық тәжірибесіне сүйенеміз. Өзіңіз атап өткендей, Қазақстанның Эфиопияда елшілігі бар. Біз де Қазақстанда елшілігімізді ашу мүмкіндіктерін қарастырамыз. Бұл байланыстың нығаюына ықпал етері сөзсіз, — деді Эфиопия Үкіметінің басшысы.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Эфиопия Премьер-министрін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» МАҢЫЗЫНА ЗЕР САЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сеулге мемлекеттік сапары аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының 8-ші Бас хатшысы, Жаһандық жасыл даму институтының (GGGI) төрағасы Пан Ги Мунмен жүздесті.

Мемлекет басшысы дамушы елдердің «жасыл экономика» моделіне көшуіне қолдау білдіретін GGGI қызметінің маңызына тоқталды. Ол әлеуметтік тұрақтылықты, климат өзгерістеріне төзімділікті және экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Пан Ги Мун Қазақстанның орнықты даму саласындағы табыстарын құптап, дүниежүзілік климат күн тәртібі аясында ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Пан Ги Мун Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау және оны қазіргі заман талабына бейімдеу туралы пікір алмасты.



15 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

САЯСИ ДИАЛОГ ПЕН ДӘЙЕКТІ ДИПЛОМАТИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті трансшекаралық инфрақұрылымға төнген қауіп-қатердің ұлғая түсуін тағы бір күрделі проблема ретінде атады.

— Дәл осы себепті бейбітшілік пен стратегиялық тұрақтылық экономикалық және орнықты дамуға қажетті алғышарттар саналады. Алайда бұл — экономика шеңберіне де сыймайтын мәселе. Саяси диалог пен дәйекті дипломатия арқылы аймақтағы шиеленісті бәсеңдетіп, ұзақ-мерзімді тұрақтылық орнатуға басымдық берілуге тиіс. Кенірек қарайтын болсақ, халықаралық қауіпсіздік архитектурасының күйреуі және ұзаққа созылған қақтығыстар жаңа қаулау жарысы мен стратегиялық қателіктерді, сондай-ақ жаңсақ шешімдер қабылдау қаупін күшейтеді. Сондықтан ядролық, соның ішінде жаңа технологияларға қатысты қатерлерді азайту мақсатында атом қаруы бар державалардың жоғары деңгейдегі диалогы өте қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, жетекші державалар арасында сенім деңгейінің төмендеуі Біріккен Ұлттар Ұйымының тиімді әрекет ету мүмкіндіктерін шектейді.

— Алайда БҰҰ-ға балама жоқ. Реформа Ұйымының қақтығыстардың алдын алып, ұжымдық шешімдер қабылдау әлеуетін нығайтуға тиіс. БҰҰ Жарғысы мұлтіксіз сақталуы қажет. Оны әркім өз бетінше қолдануына болмайды. Қауіпсіздік Кеңесін реформалау кезінде қазіргі әлемнің жағдайы ескеріліп, оның құрамында Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің өкілдері болуын қамтамасыз еткен жөн. Дамып келе жатқан орта державалар да жаһандық ауқымдағы шешім қабылдауға салмақты үн қосуы керек. Өйткені олар диалогты өрбітіп, геосаяси қайшылықтар мен келіспеушіліктерді еснеруге ықпал ете алады. Қазақстан серіктес ел ретінде БРИКС-ті нақты ынтымақтастыққа арналған, БҰҰ-ның көпжақты жүйедегі жетекші рөлін толықтыратын әрі халықтарды, өңірлер мен нарықтарды өзара байланыстыратын ашық алаң ретінде қарастырады. Әрбір күрделі мәселенің шешімін іздеу — біздің бұлжымас ұстанымымыз. Бұл Қазақстанның барлық серіктестермен өзара тиімді ықпалдастыққа ұмтылатын теңгерімді, нақты нәтижеге бағдарланған сыртқы саясатына сай келеді, — деді Президент.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУЕТІ МОЛ

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстанның БРИКС-ке мүше және серіктес елдермен тауар айналымы 72 миллиард долларға жуықтағанын айтты.

— Біз барлық БРИКС мемлекеттерімен сауда-экономикалық және инвестициялық



байланыстарды әртараптандыруға ниеттіміз. Оған өнеркәсіп, транзит және технологиялық әлеуетіміз жетеді. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі төрағасы ретінде БРИКС-пен экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуді және Үндістанмен еркін сауда туралы келісім жасасуды құптайды. Еліміз негізгі шикізат көздерін жеткізетін сенімді серіктес ретінде дүниежүзіндегі тасымал тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосып келеді. Біздің ойымызша, энергетика, аса маңызды минералдар және ауыл шаруашылығы салаларында өнімді терең өңдеу бойынша серіктестікті дамытуға мүмкіндік мол. Бұл ретте технология мен білім алмасуға және бірлескен инвестицияға айрықша мән берген жөн. Бұдан бөлек, біздің ауқымды инфрақұрылым жобаларды, соның ішінде халықаралық маңызы бар бастамаларды бірлесіп іске асыруға әлеуетіміз жетеді. Жаңа даму банкі БРИКС елдеріндегі, сондай-ақ Қазақстандағы коммерциялық тұрғыдан өміршең жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін қарастыра алар еді, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті көлік қатынасын нығайту мүмкіндіктерге жол ашып, ортақ экономикалық өсімге тың серпін береді деп санайды.

— Қазақстан Еуразиядағы басты транзит-логистика орталықтарының бірі ретінде теміржол желілерін, порттар мен цифрлық инфрақұрылымды дамыту арқылы трансшекаралық жүк тасымалын анағұрлым тез әрі болжамды қалыпқа түсіргісі келеді. Өткен жылы Қазақстан арқылы 40 миллион тоннаға жуық транзиттік жүк тасымалданды. Ұзақмерзімді жоспар бойынша осы



көрсеткішті жылына 100 миллион тоннаға жеткізуді мақсат етіп отырмыз. Қазір Қытай мен Еуропа арасындағы құрлық жолдарымен жеткізілетін жүктің 85 пайызы Қазақстан аумағымен өтеді. Еліміз Транскаспий халықаралық көлік бағыты аясында Азия мен Еуропа арасын Каспий теңізі арқылы жалғайтын стратегиялық нүкте саналады. Бұл маңызды бағдарды «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен және «Солтүстік — Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізімен ұштастыру Еуразияның барынша интеграцияланған және орнықты көлік желісін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда, Үндістан логистика және жеткізу тізбегі салаларындағы ынтымақтастықты көздейтін БРИКС Негіздемелік бағдарламасын ұсынды. Мен

мұны құптаймын. Өйткені ол «БРИКС+» форматындағы нақты ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

Мемлекет басшысы экономиканы, қоғамды және күштердің жаһандық теңгерімін өзгерте бастаған жасанды интеллекттің рөліне тоқталды.

— БРИКС қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің технологиялық әлеуетін олардың ауқымымен ұштастырып, инновация, инвестиция және тұрақты экономикалық өсімнің жаңа мүмкіндігін ұсына алады. Қазақстан үшін жасанды

интеллект стратегиялық басымдыққа ие. Бұл ретте еліміз «БРИКС+» аясындағы тиімді ынтымақтастықтың аясын кеңейту үшін алдыңғы қатарлы есептеу инфрақұрылымын, сондай-ақ БҰҰ-ның ұлттық және цифрлық орталықтарын жұмылдыруға дайын. Нақты шара ретінде жасанды интеллект саласы бойынша «БРИКС+» серіктестігін іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ұлттық ЖИ орталықтарын біріктіруге, зертханалар мен ғылыми жобаларды қолжетімді етуге, сондай-ақ бірлесіп көптілді шешімдер әзірлеуге болады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, орнықтылық технологиялық тұрғыдан алға басумен ғана өлшенбейді.

— Бәріміз үшін зор маңызға ие су ресурстары мәселесін көтергім келеді. Жаһандық деңгейде су ресурстарын басқару ісі шашыраңқы жүргізіліп келеді. Осы орайда, әлем елдерінің күш-жігерін бір арнаға тоғыстырып, мемлекетаралық үйлестіру жұмыстарын нығайту үшін Халықаралық су ұйымын құруды ұсындық. Ол БҰҰ-ның арнаулы құрылымы ретінде қызмет етеді. БРИКС-ке мүше мемлекеттер мен серіктестерімізді осы маңызды жобаны қолдау үшін Қазақстан бастамашы болған халықаралық консультацияларға қосылуға шақырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін түйіндей келе, тиімді көпжақты ынтымақтастық болмаса, көпполярлы жүйе жікке бөлінуді одан сайын ушықтырып, адамзатқа қауіп төндіретінін айтты. Оның пікірінше, Қазақстан егемендікке, мүдделердің теңгеріміне және ортақ жауапкершілікке негізделген жасампаз көпполярлы жүйені қолдайды. Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Делидегі саммит нақты ынтымақтастық пен бірлескен прогресс арқылы осы көзқарасты ілгерілетуге ықпал етеріне сенім білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев БРИКС саммитінде бірқатар елдің және халықаралық ұйымдардың делегация басшыларымен жүздесті.

Нью-Делидегі БРИКС саммиті аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен, Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагиммен, Вьетнам Премьер-министрі Ле Минь Хынгпен, Бурунди Президенті Эварист Ндайишимийемен, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Гебрейесуспен, Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Нгози Оконджо-Ивеаламен, Таиланд Премьер-министрінің орынбасары Сихасак Пуангкеткеомен аз-кем әңгімелесті.

Кездесулер барысында түрлі саладағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективасы, сондай-ақ халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

ҚҰРЫЛТАЙ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ АШЫЛДЫ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы Құрылтайы Бюросының отырысында І шақырылымдағы Құрылтайдың Қоғамдық қабылдауды ашу туралы шешім қабылданды.

Қоғамдық қабылдаудың жұмысын ұйымдастыру, депутаттардың азаматтарды қабылдау тәртібі және қабылдау кестесін Құрылтай Төрағасының орынбасары, депутат Динара Закиева таныстырды.

— Құрылтайдың Қоғамдық қабылдауының ашылуы Мемлекет басшысының «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру жөніндегі бастамасын іске асыру жолындағы маңызды қадам екенін атап өткім келеді. Бұл азаматтармен тікелей қарым-қатынас орнатуға, олардың өтініштері мен ұсыныстарын зер салып қарауға, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тиімді өзара байланыс жасауына арналған алаң болмақ, — деді депутат.

Құрылтай Төрағасының тапсырмасы бойынша Қоғамдық қабылдауда депутаттардың азаматтарды қабылдауын ұйымдастыру және өткізу қағидалары барлық фракциялармен және комитеттермен келісілгенін атап өтті. Азаматтардың алдын ала танысуы үшін тиісті акпарат Құрылтайдың ресми сайтында орналастырылады.

Қоғамдық қабылдаудың жұмысын үйлестіруді Құрылтай депутаттары Константин Авершинге, Айжан Аймағановаға және Шолпан Кариноваға жүктеу ұсынылды. Вице-спикердің айтуынша, қабылдаудың жұмысын үйлестіруге ұсынылған депутаттарды іріктеу кезінде олардың



кәсіби тәжірибесі ескерілген. Константин Авершин Мәжіліс депутаты болған кезеңде Қоғамдық қабылдау жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру тәжірибесін жинақтаған. Айжан Аймағанованың құқық қорғау саласында, ал Шолпан Каринованың әлеуметтік салада мол кәсіби тәжірибесі бар.

Сонымен қатар Құрылтай депутатының қабылдауына бірнеше тәсілмен жазылуға болады. Атап айтқанда, Құрылтайдың ресми сайты арқылы электрондық өтініш жолдау, жазбаша немесе қолма-қол өтініш беру, сондай-ақ Қоғамдық қабылдауға тікелей ауызша жүгіну қарастырылған.

Қоғамдық қабылдаудың жұмысын биылғы жылдың 14 қыркүйегінен бастау жоспарланып отыр.

Қорыта айтқанда, Қоғамдық қабылдаудың іске қосылуы азаматтардың Құрылтай депутаттарымен тікелей байланыс орнатуына және өздерін толғандырған мәселелер мен ұсыныстарын жеткізуіне мүмкіндік береді.

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында еліміздің өңірлерінде әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын дамыту, денсаулық сақтау саласын жаңғырту, ауылдық елді мекендерді қолдау және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жұмыстары жалғасуда.

Қарағанды облысының Осакаров ауданында «Евразия Инвест LTD» компаниясының ірі сүт-тауар фермасының бірінші кезеңі іске қосылды. Сонымен қатар Түркістан қаласында заманауи вирусологиялық зертхана ашылды. Бұған дейін талдауға арналған биологиялық сынамалар еліміздің басқа өңірлеріне жіберілетін. Енді диагностика жергілікті жерде жүргізуге болады.

Ақтөбе облысының Қарғалы ауданындағы Бадамша ауылында төрт қабатты аудандық диагностикалық орталық пайдалануға берілді. Ал Жамбыл облысының денсаулық сақтау жүйесі «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен сатып алынған екі жылжымалы медициналық кешенмен толықты.

Түркістан облысында «Сарыағаш» теміржол вокзалы жаңғыртылса, Жетісу облысында облыстық маңызы бар «Талдықорған — Үштөбе» автожолының ұзындығы 42 шақырым болатын учаскесінде жөндеу жұмыстары аяқталды. Қарағанды облысында геологиялық барлауға арналған «ЖанаЛав» зертханалық-талдау кешені де ашылды. Бұдан бөлек, Шығыс Қазақстан және Абай облысында бірнеше нысандар пайдалануға берілді.





«ОТБАСЫ КҮНІНДЕГІ» АКЦИЯ

«Әділет» партиясы Отбасы күніне орай Қазақстанның барлық өңірінде бірқатар акция өткізді. Өңірлерде партияластар көпбалалы және көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетіп, ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен кездесті. Сондай-ақ отбасылық турнирлер ұйымдастырып, еңбек әулеттеріне құрмет көрсетті.

Атырау облысында қолдау ерекше қажет отбасыларға көмек беріліп, 32 көпбалалы отбасына азық-түлік себеттері табысталды. Сонымен қатар, балаларға арналған зияткерлік ойындар, спорттық эстафеталар ұйымдастырылып, бүлдіршіндер ойын-сауық орталықтарына барды. Жетісу облысында да 40 отбасы осындай қолдау көрсе, Алматыда партияның Әйелдер канатының белсенділері Алатау, Әуезов және Алмалы аудандарында тұрып жатқан отбасыларға барды. Партияластар азық-түлік себеттерін табыстап, тұрғындармен тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерді талқылап, оларды шешу жолдарын қарастырды. Батыс Қазақстан облысында Отбасын қолдау орталығының камкорлығындағы азаматтар да көмек алды. Партия өкілдері балаларға азық-түлік өнімдері мен ақыл-ойды дамытуға арналған ойыншықтар сыйлады. Сондай-ақ өмірдің қиын жағдайына тап болған осы жандарға күнде қызмет етіп жүрген орталық мамандарымен кездесті.

Ерекше білім беруді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған отбасыларға да айрықша назар аударылды. Павлодар облысында партия Әйелдер канатының өкілдері ата-аналармен кездесіп, медициналық көмек көрсету және әлеуметтік тұрғыда қорғау мәселелерін талқылады. Кездесу барысында айтылған ұсыныстарды жинақтап, заңнамалық бастамаларды одан ары пысықтау жоспарланып отыр. Петропавл қаласында ерекше қажеттілігі бар 50 бала мен олардың ата-аналарына арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оның барысында балаларға арналған шығармашылық бағдарлама әзірленді. Ал ата-аналар қауымы әлеуметтік тренингтерге қатысты.



ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Көпқабатты үйлерді күтіп ұстау, олардың техникалық жағдайын жақсарту және ортақ мүлікті жаңғырту – тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе көпқабатты үйлердің шатырларын жөндеу мәселесі тұрғындар тарапынан жиі көтеріліп келеді.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Осыған байланысты «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының алаңында көпқабатты тұрғын үйлердің шатырларын жөндеу мәселесіне арналған тақырыптық қабылдау өтті. Жиынға партия филиалы төрағасының орынбасары Ләйлә Төрешова, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, жауапты мекеме өкілдері мен пәтер иелері кооперативтерінің жетекшілері қатысты.

Басқосуда тұрғын үйге қатысты өзекті мәселелер, оның ішінде, көпқабатты үйлердің шатырларының техникалық жағдайы, жөндеу жұмыстарын қаржыландыру тетіктері және тұрғындардан түскен өтініштер талқыланды. Жауапты мекеме өкілдерінің мәліметінше, 2025 жылы Қызылорда қаласы мен елді

мекендердегі 35 көпқабатты тұрғын үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар техникалық зерделеу және тұрғындардың өтініштері негізінде жөндеуді қажет ететін бірқатар көпқабатты тұрғын үй анықталған.

Қазір келіп түскен өтініштің бірқатары бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленген. Атап айтқанда, қаладағы Ж. Бахалұр, Сүлейменов, Уәлібеков, Есенов көшелері мен Н. Назарбаев даңғылындағы көпқабатты үйлер қамтылған.

Бұдан бөлек, тұрғын үйлерді модернизациялау бағытында қажетті қаржы көздерін қарастыру және тиісті жұмыстарды кезең-кезеңімен жүргізу жоспарланып отыр. Бұл ретте тұрғын үйлердің техникалық жағдайын жақсарту, ортақ мүлікті жаңарту және азаматтарға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға басымдық берілмек.

Талқылау қорытындысы бойынша проблемалық тұрғын үйлердегі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыру және дайын жобаларды іске асыру мәселелерін тиісті деңгейде көтеру туралы шешім қабылданды. Осы бағытта мәслихат депутаттары тарапынан депутаттық сауал жолданып, оның қаралуы мен нақты шешім қабылдану барысы бақылауға алынатын болады.

Жалпы, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада өмір сүруі – «Әділет» партиясының «Әділетті болашақ үшін» сайлауалды бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі. Бағдарламада тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға басымдық берілген.

Сондықтан партия алаңында көтерілген әрбір мәселенің нақты шешімін табуы маңызды. Осыған орай тақырыптық қабылдаулар барысында айтылған ұсыныстар тиісті органдарға жолданып, олардың орындалуы мен мәселелердің шешілу барысы тұрақты бақылауда болады.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Түркістан облысында «Әділет» партиясы бастауыш партия ұйымдарының жұмысын күшейтуге, партия мүшелерінің белсенділігін арттыруға және ішкі партиялық байланысты нығайтуға басымдық беріп келеді. Осы мақсатпен партияның Түлкібас аудандық филиалы БПҰ мүшелерімен тұрақты кездесулер өткізуді маңызды бағыт деп қарайды.

Аудан аумағындағы бастауыш партия ұйымдары мен партиялық топтардың мүшелерімен кездесу жұмыстары «Майлықент» БПҰ-ның «М. Ломоносов» жалпы білім беретін мектебіндегі партиялық тобынан басталды. Кездесулер барысында партияның бағдарламалық бағыттары мен қабылдаған шешімдері түсіндіріліп, партияның алдағы міндеттері, жана бастамалары мен жобалары талқыланды.

«Әділет» партиясы Түлкібас аудандық филиалының төрағасы Ержан Жүнісов бастауыш ұйымдардың партиялық жұмыстағы ерекше рөліне тоқталып, онда-

ғы мүшелерді қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуға шақырды. Филиал төрағасы партияның халық арасындағы беделі мен қоғамдық қолдауы тек ақпараттық жұмыстармен емес, нақты іспен, азаматтармен тұрақты байланыспен және жергілікті мәселелерді шешуге белсенді қатысумен қалыптасатынын атап өтті.

Алдағы кездесулерде БПҰ қызметінің тиімділігін арттыру, партия мүшелерінің жауапкершілігін күшейту, қоғамдық бастамаларға белсенді қатысу және халықпен кері байланысты жана деңгейге шығару мәселелеріне басымдық берілмек.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ – МІНДЕТ

Құрылтай депутаттары, «Әділет» партиясы фракциясының мүшелері Бекжан Әлімқұлов пен Нұржан Ниязалиев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Астана қаласындағы Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына барды. Онда депутаттар орталық аумағын абаттандыру жұмысын жүргізді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тазалық өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы екенін әрдайым айтып келеді.

«Ақ пейілмен, түзу ниетпен қолға алған әрбір іс берекелі болады. «Таза Қазақстан» — дәл осындай бірегей бастама. Бұл жоба миллиондаған отаншыл азаматымыздың адал еңбегінің арқасында жалпы-халықтық қозғалысқа айналды», — деген еді Президент.

Осы мақсатпен акцияға қатысқан Құрылтай депутаттары 12 түп ағаш егілуіне және ойын алаңдарын сырлап шығуға мұрындық болды.

«Жана Ата заңда қоршаған ортаны қорғау ісі әр азаматтың конституциялық міндетіне айналды. Осы

орайда, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы — тек сенбілік емес. Ол — әр адамның жүрек қалауы. Сондықтан біздің басты мақсатымыз — қоршаған ортаны, экологияны таза ұстау мәселесі өз қолымызда екенін көрсету», — делі Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Бекжан Әлімқұлов.

Сондай-ақ шара барысында осы орталықтағы балаларға арналған бір апталық азық-түлік қоры және 100 сөмке табысталды. Азық-түлік себетіне сүт өнімдері, жемістер мен тәттілер кірді. Бұған қоса, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында аниматорлардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

Дайындаған Бекбол АМАНГЕЛДІ

15 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

БЕЙБІТШІЛІК ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ БЕДЕЛІ БИІК

Жаһан жұртын үрей буып, мемлекеттердің іргесі сөгіліп, тұтас континенттердің тұрақтылығы шайқалған алмағайып заман, аласапыран ахуал орнады. Осы орайда Қазақстанның күні кеше жарияланған «Жаһандық бейбітшілік индексіне» 163 мемлекеттің арасынан 44-орынға көтеріліп, елулікке еркін кіруі айтулы оқиға, тарихи белес, зор мақтанш. Бұл – 2008 жылдан бергі ең жоғары ұлттық көрсеткіш. Бұл – еліміздің бейбітшілікті сыртқы саясаттағы жалаң сөз, әдемі ұран емес, тегеурінді дипломатиялық құрал, парасатты халықаралық парыз және салмақты әскери міндеттеме ретінде қабылдай-тынының айқын дәлелі.

Айхан ШӘРІП

АШЫҚ АСПАН – АСҚАҚ МҰРАТ

Экономика және бейбітшілік ин-титуты (Institute for Economics&Peace) әзірлеген жаңа рейтингке сәйкес, 2026 жылғы Global Peace Index жаһандық бейбітшілік индексіне 1,771 балл ин-дексімен Қазақстан 44-ші орынға кө-терілді. Он жылдық динамикаға көз жүгіртсек, Орталық Азияның барлық елінде бейбітшілік деңгейі жақсарған. Аймақ республикалары арасында Өзбекстан 37-орынға жоғарылады: оның индексі көрсеткіші 1,726 баллды құрады. Тәжікстан 47-орынға (1,799 балл), Қыр-ғызстан 61-орынға (1,853 балл), Түрік-менстан 66-орынға (1,903 балл) көтеріле алды. Бес елдің де бейбітшілік деңгейі «жоғары». Бұл Орталық Азияның әлем-дік геосаяси дауылдардың аясында тұ-рақтылық белдеуін, татулық аралын қалыптастыра алғанын аңғартатын маңызды нышан.

Тағы бір елең еткізерлік жайт анық-талды. Institute for Economics&Peace әлемдегі бейбіт ахуалдың биыл әрі қарай нашарлағанын қынжыла хабарлады: жаһандық көрсеткіш 12 жыл қатарынан құлдырап барады. Мемлекеттік деңгей-дегі, елдер арасындағы қарулы қақты-ғыстар саны 61-ге жетіп, II Дүниежүзілік соғыстан бергі ең жоғары деңгейге шық-қан.

Бір нәрсені әу бастан ажыратқан жөн. Global Peace Index рейтингі «ел канша бітімгер жіберді?» деген сұраққа ғана жауап бермейді. Ол әрбір қоғамның қауіпсіздігін, ішкі-сыртқы қақтығыста-рын, милитаризациялануын және басқа факторларды қамтитын 23 сапалы, сан-ды көрсеткіш арқылы әрбір мемлекеттегі бейбітшіліктің кең көрінісін түзеді. Ол Қазақстанның халықаралық бейбітші-лікке қосқан әскери үлесін, елдегі тұрақ-тылықтың, сыртқы саясаттағы ұстамды-лықтың, қауіпсіздік архитектурасының жиынтық сипатын білдіреді.

Бұл рейтингтің тағы бір құндылығы сол, ол көп жылғы жұмыс нәтижесінің айнасы іспетті. Қазақстанның бейбітші-лік капиталы ондаған жыл бойы жинал-ды. Оның тамыры Семей полигонын жабудан басталып, ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартуға, Азиядағы сенім шараларын қалыптастыруға, өнімде яд-ролық жаппай қырып-жою қаруларынан ада аймақ құруға, Сирия келіссөздеріне алаң ұсынуға, БҰҰ миссияларына ай-бынды сарбаздарын бірнеше лекпен жіберуге ұласты.

СЕМЕЙДЕН
БАСТАЛҒАН СЕРПІЛІС

Қазақстанның бейбітшілік диплома-тиясының ұлы мұрасы — ядролық қару-сыздану. Халықаралық сарапшылар Қазақстанның жаһандық ядролық қару-сыздануға қосқан осы үлесін жоғары бағалайды. 1991 жылғы 29 тамызда Се-мей ядролық полигонының жабылуы әлемдік тарихта сирек кездесетін саяси шешім болды. Қазақстан Тәуелсіздік алғанға дейін-ак, өз жерінде қалған, әлемдегі сол кездегі төртінші ірі ядролық арсеналдан бас тартты.

Кейін бұл тандау Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа, Ядро-лық қаруға тыйым салу туралы шартқа, Орталық Азиядағы ядросыз аймақтың қалыптасуына жалғасты. Қазақстанның бастамасымен БҰҰ-ның 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күн деп жариялағаны да осы сабақтас-тықтың белгісі.

«Қазақстан ядролық сынақтардан азат әлем құруға өзінің шын берілгенін тоқтаусыз дәлелдеп келеді. Ол Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың (ЯСЖТШ) күшіне енуіне қол жеткізудегі күш-жігерді жалғастырды. 2026 жыл жаһандық ядролық қарусыз-дану және таратпау саласында бірнеше маңызды белеспен ерекшеленеді. 29 тамызда әлем Семей полигонының жа-былғанына 35 жыл толуын атап өтті. Ол өзге полигондарда да атом сынақтары-ның тоқтауына қуатты саяси серпін бер-ді», — дейді Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымының Атқарушы хатшысы Роберт Флойд.

Мұның сыртында биыл аталған шарттың да 30 жылдығы: 1996 жылғы 10 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы 71 мемлекеттің қол қоюымен ЯСЖТШ-ты қабылдады. Содан бері ашық бұл құжат-қа қосылғандар саны тұрақты түрде өсіп келеді. Бүгінде Шартқа 188 мемлекет қол қойып, 179 мемлекет ратификациялады. Қазақстан шартты әмбебапандыру жө-не күшіне енгізу жолындағы іс-қимылын жалғастырды.

Бұдан бөлек, биыл сонау 2006 жылғы 8 қыркүйекте қол қойылған, Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақты құрған шартқа 20 жыл толды. Бұл тарихи жетістік және өнімді ядролық қаруды таратпау мен қарусыздануға бейілділігі-нің айғағы. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі барлық мемлекетті ядролық сынақтарға қатысты қолданыстағы мораторийлерді сақтауға және растауға шақырды.



Республика ядролық нысандардың қауіпсіздігін тексеруде әлемге үлгі көр-сетті. ЯСЖТШҰ Дайындық комиссия-сының шешіміне сәйкес Қазақстанда, Семей ядролық сынақ полигоны аума-ғында 1999, 2002, 2005 және 2008 жыл-дары инспекция жүргізуге арналған төрт далалық жаттығу өткізілді. Сол арқылы ел әлемдік инспекция жүргізуге арналған нұсқаулықтарды жетілдіруге елеулі үлес қосты.

Соның негізінде, жуырда, 2026 жыл-ғы қазанда Намибия Республикасында Кешенді далалық инспекциялық жат-тығу (IFE26) өтпек. Осы IFE26 Қазақ-стандағы IFE08 және Иорданиядағы IFE14-тен кейінгі үшінші жаттығу, ал Африка құрлығында өткізілетін алғашқы жаттығу болады. Қазақстанның атсалы-суымен іске асырылатын жаңа инспекция тексеру жүргізу әдістері мен жабдықтарын одан әрі дамытуға, ұлттық тексеру мүм-кіндіктерін нығайтуға тиіс.

2015-2025 жылдары «Плугшерс Жо-басы» (Project Ploughshares) ұйымын басқарған, халықаралық қауіпсіздік, қарусыздану және қару-жарақтың та-ралуын бақылау саласының беделді са-рапшысы Сесар Харамильо Қазақстан-ның жетістіктерін жоғары бағалады.

«Қазақстан жаһандық ядролық қару-сыздану мен оның таралуына қарсы күреске өлшеусіз үлес қосты. Еліңіз бар-ша адамзат үшін осы аса маңызды салада әлемдік көшбасшылардың қатарында келеді. Ол жаһандық деңгейде ядролық қаруды түпкілікті жоюға және Біріккен Ұлттар Ұйымының ғасырлық мерейтойы атап өтілетін 2045 жылға қарай «ядролық қарудан азат әлем» мұратына жету жо-лына айтарлықтай үлес қосып жүр», — деп атап өтті сарапшы.

Қазақстанның бастамаларын зерт-теген канадалық сарапшы, бұрынғы қарусыздану елшісі Дуглас Рош та елі-мізді халықаралық қоғамдастыққа «үлгі болуға лайық» мемлекет деп атаған.

АСТАНА – КЕЛІССӨЗ МЕКЕНІ

Қазақстан дипломатиясының тағы бір ерекшелігі — қақтығысушы тараптар-дың үстінен қарап, олардың орнына шешім шығаруға емес, тектатуластыруға, бір үстелге отырғызуға жағдай жасауы. Сирия дағдарысы кезінде туған Астана процесі осы тәсілдің әлемге танылған



Тағы бір елең еткізерлік жайт анықталды. Institute for Economics&Peace әлемдегі бейбіт ахуалдың биыл әрі қарай нашарлағанын қынжыла хабарлады: жаһандық көрсеткіш 12 жыл қатарынан құлдырап барады. Мемлекеттік деңгейдегі, елдер арасындағы қарулы қақтығыстар саны 61-ге жетіп, II Дүниежүзілік соғыстан бергі ең жоғары деңгейге шыққан.

үлгісіне айналды. 2017 жылдан бері Аста-нада Сирия Үкіметі, қарулы оппозиция өкілдері, Ресей, Түркия, Иран делега-циялары қатысқан келіссөздер өтті.

Астана процесін Сирия соғысын то-лық тәмамдаған тетік деуге болмас. Бірақ оның тарихи рөлін төмендетуге де негіз жоқ. Келіссөздер атысты тоқтатты, деэс-каляция аймақтарын қалыптастырды, гуманитарлық мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді. Қазақстанның артық-шылығы осында: ол өзін «төреші», ұс-танымын танушы емес, бітімге төрін бе-ретін бейтарап алаң ретінде ұсынады. Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей және Украинаны соғыс-ты тоқтатуға табанды шақыруы да — бей-бітшілік жолындағы кезекті батыл қа-дамы. Ол туралы жаһандық БАҚ жарыса жазды. Бейбітшілік кейде үлкен келісім-нен емес, соған жол ашатын есіктен бас-талады.

Қазақ дипломатиялық мектебінің шапағаты Армения мен Әзербайжан арасындағы келіссөздерге де шуағын шашты. Қазақстан 2024 жылы екі елге бейбіт диалог үшін алаң ұсынды. Мұндай әрекеттердің стратегиялық мәні бір ғана кездесудің нәтижесінен кен: сенім азай-ған кезде Қазақстанның жүздесуге, сөй-лесуге болатын жерұйық мекенге айнала білуінің өзі халықаралық қауіпсіздіктің құнды активі саналады.

Астана бүгінде тек мемлекеттер, ха-лықтар, діндер, ұйымдар арасында түрлі тақырыптағы келіссөз өтетін қала емес, диалогтың саяси брендіне айналды. Бұл брендтің астарында «келіспеушілік бол-са да, сөйлесуге мүмкіндік табылады» деген қарапайым қағида жатыр. Қазақ ұлтының тамыры терең тарихындағы бітім мәдениетін еске түсіретін тұс та осында: дала дипломатиясында ел тағ-дыры найзаның ұшымен ғана емес, сөз-дің күшімен де шешілген. Бүгін сол көне тәжірибенің заманауи нұсқасы көпжақ-ты дипломатия тіліне көшіп отыр.

Қазақ елінің бейбітшілік диплома-тиясының тағы бір теңдессіз тармағы — Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерле-рінің съезі. 2003 жылы басталған форум 20 жылдан астам уақытта діни, өрке-ниеттік диалогтың тұрақты институтына айналды. 2025 жылғы VIII съезге жүзден астам делегация, шамамен 60 елдің өкіл-дері қатысты. Қабылданған «Астана бейбітшілік декларациясы-2025» БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясында ұлықталған құжатқа айналды. Онда Қа-зақстан мәдениетаралық, конфессияара-лық диалогтың жаһандық орталығы деп танылды.

КӨК БАЙРАҚ КӨТЕРГЕН
БІТІМГЕР

Қазақстанның бітімгершілік саясаты келіссөзбен шектелмейді. БҰҰ миссия-ларына қазақстандық әскери қызметші-лер 2014 жылдан бері қатысып келеді. Олар Батыс Сахарада, Кот-д’Ивуарда, Ливанда, Малида, Орталық Африка Рес-публикасында, Конго Демократиялық Республикасында бейбітшіліктің берік орнығуына сүбелі үлес қосты. Қорғаныс министрлігінің дерегіне қарағанда, 750-ден астам қазақстандық әскери БҰҰ бітімгершілік миссияларына қатысқан.

2024 жылғы наурыз Қазақстан үшін жаңа белес болды: Голан жоталарындағы БҰҰ-ның UNDOF миссиясына 139 әс-кери қызметшіден тұратын алғашқы ірі әрі дербес ұлттық контингент аттанды. Олар атысты тоқтату режимін бақылау, патрульдеу, блок-бекеттерді қорғау, гу-манитарлық жүкті сүйемелдеу, эвакуа-циялау, жарылғыш заттарды залалсыз-дандыру секілді маңызды міндеттер ат-қарады. Оның қызметін БҰҰ миссиясы-ның қолбасшылығы жоғары бағалап, барлық 139 әскери қызметші БҰҰ меда-лімен марапатталды.

2026 жылы қазақстандық бітімгерлер Ливандағы UNIFIL құрамында да қыз-мет атқарып жүр. 11 әскери қызметші атысты тоқтату режимін бақылау, пат-рульдеу, гуманитарлық шараларға қолдау көрсету, БҰҰ нысандарын қорғау мін-деттерін орындайды. Бұл — Қақстан-ның бейбітшілікті ата-бабалардай қару қуатымен де қорғауға дайын екенінің айғағы. Әскери ғылым тұрғысынан қара-ғанда, мұндай миссиялар Қазақстанның қорғаныс әлеуетіне де пайдалы. Жауын-гер халықаралық гуманитарлық құқық-ты, көпұлтты штаб мәдениетін, азамат-тық халықпен жұмыс істеуді, дағдарыс жағдайындағы шешім қабылдауды үй-ренеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның бейбітшілік капиталы — ядролық қару-сызданудан, келіссөз алаңдарынан, төл бастамашылығымен құрылған халық-аралық ұйымдардан, діни дипломатия-дан, бітімгерлерін аттандырудан құрал-ған біртұтас жүйе. Оның өзегінде бұл-жымас қағида бар: қауіпсіздік қарсылас-ты жезуден емес, қақтығыстың алдын алудан басталады. Бейбітшілікке қол жеткізу бір мәрте иеленіп, өмір бойы мақтан тұтатын медаль емес, күн сайын қорғалатын құндылық.

АСТАНА ҚЫСҚА ҚАМДАНДЫ

Астана алдағы қысқы жылыту маусымына дайындықты аяқ-тауға жақын. Қалада қажетті жылу қуатының резерві қалып-тастырылып, қолданыстағы жылумен жабдықтау нысандарын қысқа әзірлеу жұмыстары мәресіне жетіп келеді. Сонымен қатар жылу көздерін жаңғырту және жаңа нысандар салу жобалары қатар жүзеге асырылып жатыр.



Бүгінде елорданың орталықтанды-рылған жылумен жабдықтау жүйесіне бес негізгі энергия көзі кіреді. Олар — ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3, сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стан-циялары.

Қалыптастырылған жылу қуатының резерві алдағы жылыту маусымында қа-ланың қазіргі қажеттілігін толық өтеуге әрі жүктеме артқан жағдайда қосымша қорды пайдалануға мүмкіндік береді. Дегенмен Астана халқының жыл сайын көбеюі мен қаланың қарқынды кеңеюі жылу қуатын одан әрі арттыруды талап етеді. Осыған байланысты жаңа қуат көздерін іске қосу және қолданыстағы нысандарды кеңейту жұмыстары жал-ғасып жатыр.

Қазір ЖЭО-3-тің көмірмен жұмыс істейтін бөлігінің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар ЖЭО-2-дегі су жылыту қазандығын кеңейту және қайта жанарту жұмыстары жалғасып жатыр. Жоба ая-сында №7 және №8 жаңа қазандық ор-нату көзделген. Бұл шаралар станцияның өндірістік мүмкіндігін арттырып, қала-ның жылу жүйесіне түсетін жүктемені жеңілдетуге тиіс.



Елорда жылу жүйесіндегі ірі жоба-лардың бірі — қуаты сағатына 620 Гкал болатын «Тельман» газ жылу станциясы. Жаңа нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланған. Станция іске қосылған соң қаланың жылу қуатының резерві ұлғайып, жалпы жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігі арта түспек.

Осылайша, Астана алдағы қысқы кезенге қажетті негізгі жылу қорын ал-дын ала қалыптастырып отыр. Сонымен бірге қаланың келешектегі сұранысына арналған қосымша қуат көздері де кезең-кезенімен іске қосылмақ. Бұл қазіргі

тұрғын үй қорын ғана емес, елорданың дәуір қарқынына сай жаңадан бой кө-рету жатқан аудандарды да тұрақты әрі сенімді жылумен қамтамасыз етуге мүм-кіндік береді.

Қыс маусымында жылудың үздіксіз берілуі — мегаполис тіршілігінің ең маңызды шарттарының бірі. Сондықтан елордада бүгінгі қажеттілікті өтеумен қатар, ертенгі сұранысқа жететін энер-гетикалық қор қалыптастыруға басым-дық беріліп отыр.

А.ХАСАН

ТҮЙТКІЛ

НАРЫҚҚА ДИПЛОМ ЕМЕС, МАМАН ҚАЖЕТ

Қазақстанның еңбек нарығына түсетін демографиялық салмақ жыл сайын артып келеді. Биыл жұмыс жасына жетіп, оқу орнын аяқтап немесе алғашқы қызметін іздей бастаған жастардың жылдық легі шамамен 283 мың адамды құрайды. Ал 2035 жылға қарай еңбек нарығына жыл сайын қосылатын жастар саны 386 мыңға жетуі мүмкін. Бұл – бір жағынан, Қазақстанның жас әрі еңбекке қабілетті халқы көбейіп келе жатқанын білдіретін жақсы жаңалық. Екінші жағынан, экономика осыншама адамға тұрақты әрі лайықты жұмыс ұсына ала ма деген күрделі сұрақ туғызады.

Кәмила ДҮЙСЕН

Ресми статистикаға қарасак, жағдай әзірге тұрақты. Мәселен, 2026 жылдың екінші токсанында Қазақстандағы жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады. Бірінші токсанда экономикада 9,4 миллион адам жұмыспен қамтылған, оның 7,3 миллионы жалдамалы қызметкер болса, 2,1 миллионы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарында. 15-34 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығы бірінші токсанда 3 пайыз болды. Қағаз жүзінде бұл аландайтындай көрсеткіш емес. Алайда жұмыссыздық көрсеткіші еңбек нарығының барлық қырын, соның ішінде жұмыстың тұрақтылығын, табыс деңгейін және қызметкердің мамандығына сәйкестігін толық сипаттамайды.

Мәселе тек адамның жұмысы бар немесе жоқ екенінде емес. Оның мамандығына сай қызмет атқаруы, тұрақты табыс табуы, еңбек шартының болуы және кәсіби тұрғыдан өсу мүмкіндігі де маңызды. Дипломы бар жас курьер, такси жүргізушісі немесе уақытша сауда қызметкері болып жұмыс ітесе, статистикада ол жұмыспен қамтылған азамат ретінде есептеледі. Бірақ мұндай жұмысты сапалы әрі өнімді жұмыспен қамтуға жатқызуды қиын, әрине.

Атап айтқанда, мемлекет 2026 жылы сапалы жұмыс орындарымен қамтылған азаматтар санын 3,08 миллионға жеткізуді жоспарлаған. Бірақ «сапалы жұмыс орны» тек жана штат бірлігінің ашылуымен өлшенбеуі керек. Оның тұрақты жала-

қысы, қауіпсіз еңбек жағдайы, әлеуметтік аударымдары және кәсіби өсу мүмкіндігі болуы қажет. Әйтпесе, жана жұмыс орындары туралы жоғары көрсеткіш жастардың нақты өміріндегі жағдайды өзгертпейді.

Үкімет те білім беру жүйесі мен бизнестің сұранысы арасында алшақтық барын мойындап отыр. Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, ендігі міндет — жастарды жаппай оқуға қабылдау ғана емес, экономикаға шын қажет мамандарды даярлау. Қазір өндіріс орындарына тек дипломы бар қызметкер емес, цифрлық жүйелерді меңгерген, жана технологиямен жұмыс істей алатын білікті маман қажет.

«Қазір кез келген өндірістегі маман цифрлық басқару жүйелерімен кәсіби деңгейде жұмыс істеп, нақты міндеттерді шешу үшін жана технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдана білуге тиіс. Қолданыстағы кадр даярлау жүйесін дәл осы мақсаттарға сай қайта құру қажет», — деді Үкімет басшысы.

Биыл колледждерге бюджет есебінен қабылданатын студенттер саны бұрынғы 93 мыңнан 145 мыңға дейін көбейген. Стипендия 50 пайызға көтеріліп, бір студентті оқытуға жұмсалатын қаржы екі есе артқан. Алайда қабылдау мен қаржыландырудың өсуі түлектің жұмысқа орналасуына автоматты түрде кепілдік бермейді. Сондықтан мемлекеттік тапсырысты нақты бос жұмыс орындарына қарай жоспарлау көзделіп отыр.

«Кадр тапшылығын еңсеру және білім беру жүйесі мен бизнестің нақты

сұраныстары арасындағы алшақтықты жою үшін жұмыс берушілер мен салалық қауымдастықтардың қажеттіліктерін білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерімен үйлестіру қажет», — деді Олжас Бектенов.

МЕГАПОЛИСТЕ БӘСЕКЕ КҮШЕЙЕДІ

Жастардың еңбек нарығындағы мүмкіндігі тұрғылықты жеріне де тікелей байланысты. Астана, Алматы және Шымкентте білім, қызмет көрсету, қаржы, сауда мен технология салаларындағы жұмыс көбірек. Ал шағын қалалар мен ауылдық жерлерде мамандық таңдау аясы тар. Соның салдарынан жастардың бір бөлігі жұмыс іздеп ірі қалаларға көшеді.

Бұл қозғалыс мегаполистердегі еңбек бәсекесін күшейтеді. Жас маман жұмыс тапқанымен, табысының едәуір бөлігін пәтер жалдауға, жол жүруге және азық-түлікке жұмсауы мүмкін. Төмен жалақы мен қымбат баспана жас адамның жана қалада орнығуын қиындатады. Ал туған өңіріне қайтқан жағдайда мамандығына сай жұмыс табылмауы ықтимал.

Еңбек көші-қонының тағы бір бағыты — шетел. Жалақысы жоғары, кәсіби дамуға жағдай жасалған елдер қазақстандық жастар үшін тартымды бола береді. Әсіресе ақпараттық технология, инженерия, медицина және ғылым саласында білімі бар жастар халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті. Егер ел ішінде лайықты ұсыныс болмаса, Қазақстан өзі оқытқан мамандарынан айырылуы мүмкін.

Дегенмен жастардың басқа өңірге немесе шетелге кетуін тек теріс құбылыс деп бағалау дұрыс емес. Еңбек мобильділігі жана тәжірибе мен дағды алуға мүмкіндік береді. Негізгі мәселе — кеткен маманның елге қайтып, жинаған білімін қолдануына қолайлы орта қалыптастыру. Ол үшін өңірлерде жұмыс орнын ғана емес, өмір сүруге қажетті толық инфрақұрылымды қатар дамыту керек.



“**Үкімет те білім беру жүйесі мен бизнестің сұранысы арасында алшақтық барын мойындап отыр. Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, ендігі міндет – жастарды жаппай оқуға қабылдау ғана емес, экономикаға шын қажет мамандарды даярлау.**

КӘСІПТІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР

Алдағы жылдары еңбек нарығына жастардың көптеп келуімен қатар, жұмыстың мазмұны да өзгереді. Автоматтандыру, цифрландыру және жасанды интеллект қайталанатын міндеттердің бір бөлігін адамның қатысуынсыз орындауға мүмкіндік беріп отыр. Кассир, оператор, қарапайым есеп жүргізуші немесе техникалық қолдау қызметкері секілді кей маман-

дықтардың функциялары қысқаруы ықтимал.

Сонымен бірге жана кәсіптер пайда болады. Қазақстанның Жаңа мамандықтар атласында тау-кен металлургиясы, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс және басқа салалардағы келешек кәсіптер көрсетілген. Мәселен, тек тау-кен металлургиясы бағытында 47 жана мамандық, өзгеріске ұшырайтын 20 және біртіндеп жойылатын 31 мамандық анықталған. Азаматтық авиацияда дрон операторлары, цифрлық жүйе мамандары мен киберпсихолог секілді жана бағыттар қарастырылып отыр.

Қазақстанға келесі он жылда жұмыс орындарының санын жай ғана көбейту жеткіліксіз. Экономика жыл сайын еңбек нарығына қосылатын жүзеген мың жастың әлеуетін пайдалана алатын салаларды дамытуы қажет. Өңдеу өнеркәсібі, агротехнология, логистика, энергетика, құрылыс, медицина және цифрлық экономика осындай бағытқа айнала алады.

Сондықтан мәселе жастарға жай ғана жұмыс тауып берумен шектелмеуге тиіс. Ұсынылатын қызмет тұрақты табыс пен лайықты өмір сүруге мүмкіндік беріп, жас маманға кәсіби болашағын Қазақстанмен байланыстыруға негіз болуы қажет.

КӘСІПКЕРЛЕР ТАРИФ ҚЫСЫМЫН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕДІ?

Ақмолада бітік егінді шашау шығармай жинап алу тағы мұңға айналды. Ала жаздай маңдай терін төгіп жүріп сепкен дәнін ысырапсыз жинап, одан пайда көру былай тұрсын, өңір шаруалары таза банкротқа ұшырауымыз ғажап емес деп шырылдап отыр. Бұған егін орағымен қабаттасып электр энергиясының бірден құрт қымбаттауы себеп болған. Электр тарифінің 48,51 теңгеден бірден 70,18 теңгеге дейін өскенін айтқан кәсіпкерлер «электрдің бағасы ғана өспейді, үн тарту, нан пісіру, сауда қызметтерінің құны да құбылады» деп алаңдайды. Ал 88 кәсіпкер қол қойған алғашқы өтініштерден кейін мәселе аудан шеңберінен республикалық деңгейдегі күн тәртібіне шықты.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Өңір кәсіпкерлерінің мәліметінше, Ақмола облысында бірқатар бизнес субъектісі үшін электр энергиясының тарифі 48,51 теңгеден 70,18 теңгеге дейін өскен. Бұл — шамамен 44,7 пайыздық өсім. Ал жекелеген шаруашылықтарда өсім басқа деңгейде көрініп отыр. Мәселен, «Камышенка» шаруашылығының атқарушы директоры Уәлихан Ілдебаев кәсіпорнында тарифтің 48 теңгеден 65 теңгеге дейін көтерілгенін айтқан. Яғни мұнда өсім шамамен 35 пайыз. Бұл екі көрсеткіш бір-біріне қайшы көрінгенімен, кәсіпкерлердің дені тарифтің әртүрлі санаттағы тұтынушыларға әртүрлі қолданылып отырғаны жөнінде мәселе көтерді. Демек, өңіріміз «тариф 35 пайызға өсті» немесе «44,7 пайызға өсті» деп бір ғана санмен шектеу дұрыс емес. Нақты мәселе — қай кәсіпорынға қандай тариф, қандай санат бойынша және қандай негіздемемен белгіленді?

Бұл сұрақтың жауабы ашық әрі түсінікті болуға тиіс. Өйткені кәсіпкер үшін тариф кестесіндегі бір теңгенің өзі бухгалтерлік есепте миллиондарға айналуы әбден мүмкін. Мәселен, Ақмола облысының Астрахан ауданындағы «Гендик В.В.» шаруа қожалығының жетекшісі Вероника Гендик өз есебін нақты цифрмен көрсеткен. Шаруа қожалығының иесі электр энергиясының бұлай күрт көтерілуі аса қомақты шығын әкелетінін айтып шырылдап отыр.

— Біздің шаруашылықтың жылдық электр тұтынуы шамамен 130 308 кВт·сағат. Бұрынғы 48,511 теңге тарифпен жылдық шығын шамамен 6,32 миллион теңге болса, 70,180 теңгелік тариф кезінде бұл сома 9,14 млн теңгеге жуықтайды. Аралағы айырма — жылғына шамамен 2,83 млн теңгеге шығып отыр. Осылайша, шаруашылықтың қосымша қаржылық жүктемесі тек электр энергиясының өскен тарифі есебінен ғана 2,83 миллион теңгеге жетеді. Оған қоса, егін орағы кезінде электр энергиясын тұтыну көлемі де айтарлықтай өседі, — дейді шаруа қожалығының жетекшісі Вероника Владимировна.

Астық орағы кезінде электр тұтыну көлемі бірден ұлғаятыны анық. Өткен жылы аталған шаруашылық тамызда 24 222 кВт·сағат, қыркүйекте 43 498 кВт·сағат электр энергиясын пайдаланған. Яғни электр энергиясы ең қажет кезеңде оның бағасы да аспанға шыққан. Бұл — ауыл шаруашылығы үшін жай ғана арифметика емес, өзіндік құнның есебі. Жиналған астықты реттеу үшін кептіргіш жұмыс істейді. Желдеткіш айналады. Тазалау қондырғысы іске қосылады. Қойма мен элеватор тоқтамайды. Мұның бәрі электр энергиясын қажет етеді. Ал оның құны өнімнің өзіндік құнына кірмей қалмайды.

Бұл түйткіл бір өңірді ғана емес, тұтас республикаға да аса елеулі қиындық келтіруі әбден мүмкін дейді сарапшылар. Биыл облыста жалпы егіс алқабының көлемі 5,6 млн гектарға жеткен. Оның 4,5 млн гектары дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарға тиесілі. Майлы дақылдардың алқабы да айтарлықтай ұлғайып, 715 мың гектарға дейін жеткізілген. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне қарағанда, өңірде жана өнімді қабылдауға 67 астық қабылдау кәсіпорны мен жалпы сыйымдылығы 7,3 млн тоннаны құрайтын 1,5 мыңға жуық қойма дайындалған. Яғни электр тарифіндегі өзгеріс бір фермердің шаруашылығында қалып қоймайды.

АСТЫҚ КЕПТІРУ ТЕТІН ЕМЕС

Атбасар ауданындағы кәсіпкерлердің айтуынша, электр энергиясының қымбаттауы элеваторларға да тікелей аса ауыр соққы болып отыр. Элеватор — астықты қабылдап алып, оны жай ғана қоймаға тығып қоятын орын емес. Мұнда қабылдау, түсіру, тазалау, кептіру, сақтау, тиеу және жөнелту сияқты бір-бірімен байланысқан бірнеше технологиялық процесс бар. Электр энергиясының қымбаттауы осы қызметтердің өзіндік құнын сөзсіз арттырады. Ал элеватордың шығыны артса, оның қызмет құны да қайта қаралады. Кәсіпкерлердің мәліметінше, Атбасар ауданындағы бірқатар элеватор бұрын жасалған шарттарды қайта қарауға



Елар КАБА (қолжазба)

және қызмет тарифтерін өзгертуге мәжбүр болып отыр.

Ұн тарту өнеркәсібіндегілер де ашы жанайқайын айтпай қалмады. Кәсіпкерлердің мәліметінше, үн өндірушілер үшін тариф 39,83 теңгеден 52,20 теңгеге дейін өскен. Бұл да елеулі өсім екені даусыз.

— Дирмен кәсіпорны үшін электр энергиясы қосалқы ресурс емес. Ұн тартатын жабдық, тасымалдау жүйелері, желдету, тазалау және басқа да өндірістік процестің бәрі электр энергиясына тәуелді. Сондықтан тариф өскен кезде кәсіпорынның айналым қаражатына қысым күшейеді. Бұл дайын өнімге, азық-түлік өндірісін аса қатты әсер етеді. Шаруалар өз өнімдерін айтарлықтай жоғары бағаға көтеруге мәжбүр болады. Бұл бірқатар шаруашылықтың жұмысшыларының қысқартылуына, тіпті іргелі дейтін ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жабылуына да әкеліп соғады, — дейді «Атбасар ауданының үн өндірушілері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Динмагомед Асеев.

Кәсіпкерлердің алаңдауы тек тарифтің өзіне қатысты емес. Олар тарифті белгілеу тәртібінің ашықтығын да сұрап отыр. Атап айтқанда, бизнес өкілдері тарифтің өзгеруі туралы тұтынушыларды алдын

ала хабардар ету, жария тыңдаулардың өткізілуі, энергиямен жабдықтау шарттарының талаптары және электр энергиясын тұтынушылардың құқықтары мәселелерін көтерген.

Тағы бір өткір мәселе — өндірістік және қосалқы объектілерді бөлу. Кәсіпкерлердің айтуынша, кейбір жағдайда қойма, тиеу-түсіру пункті, зертхана, бақылау-өткізу пункті сияқты нысандар өндірістік объектіден бөлек қарастырылып, тарифті есептеу кезінде басқа санатқа түсірілуі мүмкін. Бизнес өкілдері бұған үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Олардың уәжі түсінікті. Толық өндірістік циклмен жұмыс істейтін кәсіпорын үшін зертхана болмаса, сапаны бақылау жок. Қойма болмаса, сақтау жок, тиеу-түсіру пункті болмаса, логистика жок. Яғни бір ғимарат негізгі өндіріс болса, екіншісі қосалқы нысан деген әкімшілік жіктеу технологиялық процестің тұтастығын әрдайым көрсете бермеуі мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлер бұл талаптардың заңдылығы мен экономикалық негізділігіне құқықтық баға беруді сұрап отыр.

МИНИСТРЛІК ӨКІЛДЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қазіргі позициясынан көрінетіні — Ақмола

агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, өндірісті әртараптандыруға, техника жанартуға және өнімді өткізу инфрақұрылымын күшейтуге басымдық беріліп отыр. Вице-министр Азат Сұлтанов Ақмола фермерлерімен кездесуінде өңірдің ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі жеті айда 5,3 пайызға өскенін, ауыл шаруашылығының облыстың жалпы өңірлік өніміндегі үлесі 15 пайызға жеткенін айтты. Сонымен бірге биыл 668 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісіне 93,8 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген қаржы берілген.

Ал облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы электр энергиясы тарифінің өсуі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қатты әсер ете қоймайды деп есептейтінін жеткізді.

— Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың қазіргі деңгейі шаруалар үшін аса қолайлы болып отыр. Мәселен, «Кең дала 2» бағдарламасымен қосалқы бөлшек, жанармай, тыңайтқыштар басқа да қажеттіліктері үшін жеңілдетілген несиені қараша-желтоқсан айларынан бастап алатын болды. 131 миллиард теңгеден астам қаражат берілді. Оны бірден беруден де босатылды. Бөліп төлеу мүмкіндігі ұсынылып отыр. Биылғы егінің сапасы да аса жоғары. Бидайдың басым бөлігі 2-3 класты көрсетсе, арпаның да сапасы жоғары болып отыр. Биыл жылдағыдай емес, ылғал көлемі масақтану кезінде қалыпты деңгейден азырақ болса да, өнім көлемі жақсы. Гектарынан орташа 13,5 центнерден айналып отыр. Мұндай ауа райы 1998 жылы және 2010 жылдары болған. Бірақ ол кездері астық өнімділігі небәрі 3,7, 5,8 центнерден ғана болған. Мұның бәрі мемлекеттік қолдаудың дер кезінде берілуінің арқасында дер едім. Қазір шаруалар 51 миллиард теңгеге дейін лизингтік техникаларды 5 пайыздық мөлшермен алып жатыр. Сондықтан электр энергиясы бағасының өсуі шаруаларға онша қатты елеулі кедергі тудырмауға тиіс, — дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрбек Бадыхаров.

Дегенмен кәсіпкерлердің пікірінше, астық бағасы төмендеп, ал өндіріс шығыны өскен жағдайда кейбір шаруашылықтардың «Кең дала» бағдарламасы бойынша банктер алдындағы және лизингтік міндеттемелерін орындауы қиындауы мүмкін. Бұл әсіресе егінің өзіндік құны мен нарықтық бағасы бір-біріне кереғар бағыт алған кезде маңызды.

Шаруаның қымбат электр энергиясы үшін төлем жасауына тура келеді. Элеватор қымбаттайды. Дирмен қымбаттайды. Ал астықтың нарықтық бағасы сол қарқынмен өспесе, шығынның бір бөлігі фермердің мойнында қалады.

Міне, мемлекеттік органдардың алдында тұрған ең басты міндет — тарифтің экономикалық негізін ашық көрсету, оның ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік маңызды өндірістерге әсерін есептеу және кәсіпкерлердің құқықтары сақталғанына нақты көз жеткізу. Ақмола биыл 5,6 млн гектар жерге егін екті, енді сол егінді шаруалар артық шығынсыз жинап біткені жөн.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

15 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ



сенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы тараған түрлі хабарлама мен алыпқашпа ақпараттар халықты үрейлендіре түсті.

Арада жылдар өтсе де ел тарихындағы елеулі де күрделі сәттер халық есінен өшпейді. 2016 жылдың 18 шілдесі екі миллионнан астам тұрғыны бар әсем Алматының тыныштығы бұзылып, бейбіт күннің мәні тереңдей түскен ерекше күн ретінде ел жадында қалды. Сол күні әдетте қарбалас тіршілік қайнап жататын көшелерде сап тыйылып, адам аяғы сиреп қалған еді. Мес-



АНТҚА АДАЛДЫҚ: БАТЫР ПОЛИЦЕЙДІҢ ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕРЛІГІ

Сол бір сындарлы сәтте Алматы көшелерінде өзінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген 8 полиция қызметкері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшісі және бейбіт тұрғындар қылмыскердің оғынан бейуақыт қаза тапты. Осылайша, бірнеше азаматтың өмірін қиған қарулы қылмыскердің қанқұйлы әрекеттерін тоқтатып, бетін қайтарған Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полиция старшинасы Аян Ерболғанұлы Ғалиев болатын.

сақтары жұлынып, зақымданғанына карамастан, бойындағы соңғы қайратын жинап, өзіне қарсы келе жатқан қарулы қылмыскерді бірнеше жерден жаралап үлгереді. Осылайша, ауыр дене жарақатын алған қылмыскер әрі қарай оқ атуын тоқтатып, жол бойында бүк түсіп отырып қалады. Осы кезде оның қолына кісен салынып, қолға түседі. Өкініштісі, батырдың өзі алған ауыр жарақаттарының салдарынан оқиға орнында қаза тапты.

Айналдырған жарты сағатқа жетпейтін уақыт ішінде айналасына ажал

кендері, сауда және қоғамдық орындар, екінші деңгейлі банкердің бөлімшелері жабылды. Теміржол мен әуежайларда сақтық шаралары күшейтіліп, полиция қызметкерлері қала тұрғындарына үйлерінен шықпау туралы хабарлады.

Бұл жағдайға қатысты Қауіпсіздік кеңесінің шұғыл жиыны өткізіліп, Мемлекет басшысы қаза тапқандардың отбасыларына тиісті психологиялық және материалдық қолдау көрсетуді тапсырды. Іле-шала Алматыға арнайы ұшып келген сол кездегі Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов дереу

тұрып, ұялы телефондар сатумен айналысқаны анықталды.

Аян Ғалиев өз міндетін атқару кезінде жан тапсырса, Ғани Нұрманов ішкі істер органында 25 жыл қызмет атқарып, жуырда ғана зейнетке шыққан еді. Ол сол күні шаруаларымен көшеде келе жатқанда, алдынан қаруланған Күлекбаев шығып, Ғанидың қалтасынан көрініп тұрған қызыл куәлігін байқап қалады да, оған да оқ атады.

Егер Аян Ғалиевтің осы бір жан-қиярлық ерлігі болмағанда, құрбандар қатары бұдан да арта түсері анық еді. Себебі осыған дейін лаңкес Алматы көшелерінде өзінің заңсыз әрекеттерін жүзеге асырып үлгерген. Ал автокөлік ролінде отырған Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшісі А. Әзімхановты бағдаршамда тұрған кезінде оның үстіндегі нысанды киімін полиция формасы деп ойлап атып кеткен. Бейбіт тұрғын Н. Содикова да қылмыскердің оғынан ажал құшты.

Ертесіне Алматы халқы қарулы қылмыскерді ұстау кезінде қаза тапқан Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 2-батальонының қызметкері, полиция старшинасы Аян Ғалиев пен отставкадағы полиция подполковнигі Ғани Нұрмановты Балуан Шолақ атындағы спорт сарайынан ақтық сапарға шығарып салды. Оларды шығарып салуға келген алматылықтардың сарайға сыймай, Абай даңғылының бойында лық толып тұрғандарының санында шек болмады. Бұл бейбіт тұрғындардың ержүрек полиция қызметкерлерінің ерлігіне деген шынайы тағзымы еді.

Полиция старшинасы Аян Ерболғанұлы ішкі істер органдарында 1997 жылдан бері қалтқысыз еңбек етіп, соңғы он жылын мемлекеттік мекеме нысанының тыныштығын сақтауға арнады. Қызметтік қаруды қолдану шеберлігін ұдайы шыңдаған ол қатардағы әріптестеріне үлгі болып, жас тәртіп сақшыларының бірнеше буынын тәрбиелеген абыройлы тәлімгер еді.

Аяның досы әрі әріптесі Болатжан Қарауылов сол сәттерді еске ала отырып: «Көздеген нысанасына дәп тигізетін мергендігі мықты Аяның қылмыскерді бірден атып залалсыздандыруына болатын еді. Бірақ оның басты ойы қылмыскерді тірідей қолға түсіріп, заң алдында жауапқа тарту болғаны анық. Өйткені Аян қызметтік тапаншадан көздеп ату жаттығуларында үнемі жоғары көрсеткішті иемденетін», — дейді.

Полиция старшинасы Аян Ғалиев небәрі 42 жасында өмірден өтті. Осы 42 жыл ішінде ол нағыз азаматқа тән өмір сүрді. Ата-анасының үмітін ақтаған абыройлы перзент, бауырларының сенімді жанашыры, адал жар, үлгілі отбасы иесі болды.

Аян қаза тапқаннан кейін оның отбасына мемлекет тарапынан тиісті

деңгейде жан-жақты көмек көрсетілді. Алайда қазақта «тас түскен жеріне ауыр» деген қағидалы сөз бар. Оның артында аңыраған жары мен екі баласы үшін материалдық қолдау әке орнын толтыра алмайтыны анық. Аян өмірден өткенде мектепте оқитын қызы Әмина бүгінде Алматы мемлекеттік медицина университетінің 3-курс студенті болса, сол кезде бір жасқа да толмаған ұлы Медеуғали 5-сыныпта оқиды.

«Әкемнің әрбір айтқан ақылы, берген тәрбиесі, сыйлықтары мен үшін қазір таптырмас құнды дүние. Сонымен қатар жұмыстан бос уақытында неше түрлі заттар жасайтын. Мені спортпен шұғылданыс деп спорт алаңын жасады. Осы жерге көршілердің барлық балалары жиналып ойнайтынбыз. Маған және барлық көршінің балаларына түрлі спорттық жаттығу үйрететін.

Сонымен қатар маған «Кітапты көп оқы. Сабағыңды жақсы оқы» деп қадағалап отыратын. Әкем өз ана тілін керемет жақсы көрді. Менен де қазақша таза сөйлеуді талап етуші еді. Ол үшін сөйлегенде бір орысша сөз қосып қойсам, бір сөзге он рет жатып-тұру жаттығуын жасататын.

Табиғатты сүюді де әкемнен үйрендім. Ол балық аулауға барғанда мені де ертіп алатын. Қармақ салып отырып маған Табиғат-ананың небір тылсымдары туралы әңгіме айтатын. Үнемі «өз еліңді, табиғатты сүй» дейтін.

Әкем інім Медеуғалиды ұзақ күтті. Ол менен кейін он жылдан соң ғана өмірге келді. Өкініштісі, Медеуғалидың он айлығында өзі қаза тапты. Үйден соңғы рет шығып бара жатып, інім екеуімізді кезек-кезек иіскеп, біраз тұрғаны есімде. Енді мен әкемнен алған тәрбиемді ініме беруге тырысып жүрмін. Елді, табиғатты, туған тілді сүюді қазір мен Медеуғалидың бойына сіңіруге қатты көңіл бөлудемін», — дейді қызы Әмина Аянқызы.

Қылмыскер Руслан Күлекбаев Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2016 жылғы 2 қарашадағы үкімімен өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Ал қаһарман сакшы Аян Ғалиевтің ерлігі лайықты бағаланып, Президент Жарлығымен оған қайтыс болғаннан кейін III дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

Сонымен қатар Алматы қаласындағы №87 жалпы білім беретін мектепте полиция старшинасы Аян Ғалиев атындағы «Жас сакшы» қадет сыныбы ашылып, таяуда қадет сыныбының алғашқы түлектері қолдарына аттестат алды. Сондай-ақ Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қолдауымен Аян Ғалиевтің ерлігі мен өміріне арналған «Ерлікке тағзым» кітабы жарық көрді.

Полиция старшинасы Аян Ғалиевтің бұл жанқиярлық әрекеті — «Халық қаһарманы» атағына әбден лайық ерен ерлік. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сактар» деген қағидалы сөзге сенсек, өзгелердің амандығы мен ел тыныштығы үшін өз өмірін арнаған батыр полицейдің батырлығы мәңгілік ұмытылмайды әрі келешек ұрпақтың бойына патриоттық рух сіңіре берері даусыз. «Мен жастарға сенемін» деп өсиет қалдырған ұлы Мағжан Жұмабаевтың сеніміне кір келтірмей, өз өмірін киып, жастардың сенім дінгегін биік шыңға көтеріп, алып шыққан да АЯН. Иә, бұл есім халық жадында сөнбейді.

Жанар ТҰРАНҚАЗЫҚЫЗЫ,
полиция капитаны



Оқиғаның мән-жайына оралсақ, Аян Ғалиев 2016 жылғы 18 шілде күні Алматы қаласындағы мемлекеттік мекеме ғимаратын күзету бойынша кезекшілікке түскен еді. Түске қарай полиция старшинасы А. Ғалиев көшеде оқ атылғанын және көмек сұраған адамдардың дауысын естиді. Ол еш бұлталақтамастан, жанындағы серіктесіне басқармадағы жедел кезекшіге дереу хабарлауға нұсқау беріп, өзі болып жатқан жағдайға көз жеткізу үшін далаға шығады.

Сыртқа шыққанда қару асынған адамды көрген ол айналадағы бейбіт тұрғындарды қарулы қылмыскерден қорғау үшін шұғыл әрекет ету кергін түсінеді. Аян Ғалиев өзі күзететін мемлекеттік мекеме нысанын және айналадағы халықтың өмірін қорғауды ойлап, өзіне қарай оқ жаудырған қарулы қылмыскерге қарсы қызметтік тапаншасынан оқ атады.

Аян Ғалиев қылмыскердің оғынан ауыр дене жарақатын алып, тіпті сау-

Полиция старшинасы Аян Ғалиев небәрі 42 жасында өмірден өтті. Осы 42 жыл ішінде ол нағыз азаматқа тән өмір сүрді. Ата-анасының үмітін ақтаған абыройлы перзент, бауырларының сенімді жанашыры, адал жар, үлгілі отбасы иесі болды.

оғын сепкен қылмыскер Қызылорда облысының 27 жастағы тумасы Руслан Күлекбаев болып шықты. Осы бір оқиға салдарынан ел тыныштығын қорғау қызметінде жүрген өрімдей полиция қызметкерлері мен бейбіт тұрғындар қас-қағым сәтте ажал құшты.

Осы оқиғадан соң іле-шала қалада «Жедел ұстау» арнайы операциясы жарияланып, барлық қару-жарақ ду-

брифинг өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарына нақты деректерді жеткізді. Министр күдіктінің бұрын заңсыз қару сақтағаны және қарулы шабуыл жасағаны үшін екі рет сотталғанын, қылмысты құқық қорғау органы қызметкерлерінен өш алу мақсатында жасағанын мәлімдеді. Қылмыскердің соңғы уақытта Алматы облысы Іле ауданына қарасты Ынтымақ ауылында

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Отбасы – қоғамның берік негізі, ұрпақ тәрбиесінің алтын бесігі. Сондықтан отбасына қолайлы орта қалыптастыру, ата-ана мен балаға жайлы жағдай жасау, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеу – қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Осы тұрғыда Шымкент қаласында отбасы институтын нығайтуға бағытталған әлеуметтік бастамаларға ерекше мән берілуде. Қаладағы қоғамдық кеңістіктерді абаттандырумен қатар, тұрғындардың бірге уақыт өткізуіне, балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне және отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік беретін орындар қалыптастыруға басымдық беріліп отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Отбасы күні қарсаңында қалада ашылған «Бақытты жаңуя» аллеясы – осы бағыттағы нақты жұмыстардың бірі. Жана қоғамдық кеңістіктің ашылуына Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысып, атқарылған жұмыстармен танысты. Жана жобаның бой көтеруіне меценат, «Әділет» партиясы әл-Фараби аудандық филиалының төрағасы, «Әділет» партиясы Шымкент қалалық филиалы «Әйелдер қанатының» төрағасы Наргиза Керімбаева демеушілік жасаған. Бұл мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара сабақтастығының бір көрінісі. Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков аллеяның абаттандырылуына оң баға беріп, мұндай қоғамдық орындардың тұрғындар үшін маңыздылығына назар аударды. Себебі заманауи

қала тек инфрақұрылымы дамыған орталық қана емес, ең алдымен, тұрғындарға жайлы өмір сүруге мүмкіндік беретін орта болуы қажет. Ал отбасы мүшелерінің бірге демалып, балаларымен уақыт өткізуіне қолайлы жағдай жасау – осындай ортаның маңызды бөлігі. «Бақытты жаңуя» аллеясы осы талаптарға сай жасакталған. Аумағы толық көгалдандырылып, автоматты суару жүйесі орнатылған. Жаяу жүргіншілерге арналған арнайы төсемдер төселіп, орындықтар қойылған. Субұрқак пен заманауи LED жарықтандыру жүйесі де қоғамдық кеңістіктің жайлылығын арттыра түседі. Аллеядағы ата-ана мен баланың байланысын бейнелейтін отбасылық композиция ерекше мәнге ие. Бұл мүсін сәулеттік нысан ғана емес, отбасы бірлігінің, ата-ана мейірімі мен ұрпақ сабақтастығының символы ретінде қабылданады. Отбасы құндылығын нығайту тек жайлы орта қалыптастырумен шектелмейді.

Бұл бағытта Шымкентте жастармен жұмыс істеу, оларды отбасылық өмірге дайындау, ата-ана жауапкершілігін түсіндіру де маңызды. Осы мақсатта Шымкент қаласындағы Жол-көлік колледжінде «Отбасы – бақыттың бастауы» атты тағылымды кездесу өтті. Жастармен жүздесуде отбасының қоғамдағы орны, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, ұлттық құндылықтардың маңызы және болашақ отбасына дайындық мәселелері талқыланды. Жиынға Отбасы мәселелері және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі кеңестің төрағасы Баян Жандосова, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Шымкент қаласы бойынша өкілі Нұржан Абдеев, сонымен бірге «Әділет» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының орынбасары Ербол Байқонысов қатысып, жастарға отбасы құндылығының маңызын түсіндірудің қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ қатысушылар кездесуде көпбалалы аналардың қоғамдағы орнына да ерекше назар аударды. Шымкент қаласында 58 мың көпбалалы ана бар. Оның ішінде 10 мыңы – «Күміс алқа», 4 мыңы – «Алтын алқа» иегері. Бұл көрсеткіш Шымкенттегі отбасы институтының әлеуметтік маңызын айқын аңғартады. Көпбалалы аналардың еңбегі өз отбасына ғана емес, қаланың демографиялық және тәрбиелік әлеуетіне қосылған маңызды үлес. Шымкентте бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі қаланың қоғамдық кеңістіктерінен де, жастармен жүргізіліп жат-



қан тәрбиелік кездесулерден де көрініс табады. Қала басшылығының қолдауымен жүзеге асып жатқан осындай бастамалар тұрғындардың өмір сапасын арттырып қана қоймай, отбасылық құндылықтарды күнделікті өмір салтының бір бөлігіне айналдыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкентте отбасы институтын нығайтуға бағытталған жұмыстар қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігімен қатар, оның ертенгі келбетіне салынған маңызды инвестиция деуге болады.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК КӨМКЕРГЕН

Астанада ауқымды көгалдандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл елорда аумағында 1,1 млн-нан астам жасыл желек отырғызу жоспарланған. Қаланың барлық ауданын қамтыған бұл жұмыс көшелер мен саябақтарда, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктерде, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым нысандарының аумағында жүргізілуде.



Бүгінде елордада 4 млн-нан астам жасыл желек өсіп тұр. Бұған қоса, «Жасыл белдеу» аумағында 14 млн-ға жуық ағаш пен бұта бар. Кейінгі жылдары қалада жыл сайын кемінде 1 млн ағаш, бұта мен гүл отырғызу тұрақты үрдіске айналды. 2026 жылы Астанада 70 мың ағаш, 600 мыңнан астам сәндік-гүлдейтін бұта, қоршау жасауға арналған 40,5 мың өсімдік және 400 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызу көзделген. Жыл басынан бері 700 мыңнан астам жасыл желек егілді. Оның ішінде 21 мың ағаш, 303,4 мың сәндік-гүлдейтін бұта, 28 мың қоршау өсімдігі, 130,7 мың бұта және 249,2 мың көпжылдық гүл бар. Күз мезгілінде көгалдандыру жұмыстары одан әрі жалғасалы. Елорда келбетін жаңғыртуда ірі ағаштар мен көпжылдық бұталарға басымдық беріліп отыр. Өсімдіктерді тандағанда, Астананың қатал әрі құбылмалы климаты ескеріледі. Соған сәйкес үйеңкі, жасыл шетен, ұсақ жапырақты қарағаш, мамыргүл

секілді жергілікті жағдайға бейім түрлер отырғызылуда. Көгалдандыру тек саябақтар мен гүлзарлармен шектелмейді. Қаланың негізгі магистралдары да біртіндеп жасыл желекке оранып келеді. Tarlan Astana желісі бойында, Сығанақ және Қабанбай батыр көшелерінде жана көшеттер отырғызылып жатыр. Жекелеген аумақтарда мыңдаған ағаш егіліп, жана жасыл кеңістіктер қалыптастыру жоспарланған. Greenline жаяу жүргіншілер желекжолының екінші кезеңінде де көгалдандыру қарқынды жүріп жатыр. Мұнда серуендеуге арналған жана бағыттар, жасыл аймақтар, спорт және ойын алаңдары пайда болады. Кешенді абаттандыру аясында аумақ ағаштармен, бұталармен және сәндік өсімдіктермен көмкеріледі. Есіл өзенінің бойында да бірыңғай саябақтар кластері қалыптасуда. Оның құрамына Президент саябағы, Бейбітшілік және келісім саябағы, Тriaтлон саябағы және өзге де демалыс орындары кіреді. Сонымен

қатар Есіл жағалауын абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары жалғасып келеді. Есіл ауданындағы жасыл қордың өзі шамамен 240 мың ағаштан, 600 мыңға жуық бұтадан, 65 мың шаршы метр гүлзардан, 5 млн шаршы метр көгалдан және 117 мың метрден астам қоршау өсімдіктерінен тұрады. Жыл басынан бері ауданда 40 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Керей-Жәнібек хандар, Ұлы Дала, Қабанбай батыр көшелерінің бойында кешенді көгалдандыру жүргізілді. EXPO саябағының, ҚТЖ гүлзарының аумағы мен «Әл-Фараби» мешітінің маны да абаттандырылып, жасыл желекпен толықты. Байқоңыр ауданында жыл басынан бері 2 мыңнан астам жасыл желек егілді. Күзде Абай даңғылы, Кенесары, Пушкин және Ж.Төшенов көшелерінің бойына тағы 500-ге жуық ағаш пен бұта отырғызу жоспарланған. Былтыр отырғызылған көшеттердің алғашқы жемісі де көріне бастады. Мәселен, Ж.Төшенов көшесіндегі гүлзарға былтыр егілген 80 алма мен алмұрт ағашы жақсы жерсініп, биыл алғаш рет жеміс берді. Сарайшық ауданында 2 357 ағаш пен 18 577 сәндік-гүлдейтін бұта отырғызылды. Сарыарқа ауданында жыл басынан бері 330 мыңнан астам жасыл желек, біржылдық және көпжылдық гүлдер мен

бұталар егілді. Сонымен қатар 1 700-ден астам ағаш отырғызылған. Күмісбеков көшесін көгалдандыруға айрықша мән беріліп, мұнда қарағай, қарағаш, мамыргүлді қоса алғанда, 500-ден астам ағаш пен түрлі тұқымдас 2 400-ден астам бұта егілді. Кенесары көшесінде жергілікті суару жүйесімен қатар ауқымды көгалдандыру жұмыстары атқарылды. Осындай жұмыстар «Көктал» саябағы мен ауданның тұрғын алаптарында да жүргізілуде. Алматы ауданында да жасыл аймақтарды кеңейту жалғасып жатыр. Қазір аудан аумағында 97,7 мыңнан астам ағаш,

“Көгалдандыру тек саябақтар мен гүлзарлармен шектелмейді. Қаланың негізгі магистралдары да біртіндеп жасыл желекке оранып келеді. Tarlan Astana желісі бойында, Сығанақ және Қабанбай батыр көшелерінде жаңа көшеттер отырғызылып жатыр. Жекелеген аумақтарда мыңдаған ағаш егіліп, жаңа жасыл кеңістіктер қалыптастыру жоспарланған.”



67,9 мың бұта, 28,2 мың метр қоршау өсімдігі және 1,7 млн шаршы метр көгал бар. 2025 жылы мұнда 8 мыңнан астам ағаш пен 26 мың бұта отырғызылып, 20 мың шаршы метрден астам көгал төселді. Сондай-ақ 768 метр қоршау өсімдігі жасакталды. Ал биыл ағаштар, сәндік-гүлдейтін бұталар, көпжылдық гүлдер мен дөңді дақылдарды қоса алғанда 130 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Егер былтыр негізгі екпін ағаш отырғызуға түссе, биыл жасыл кеңістіктердің біртұтас эстетикалық келбетін қалыптастыруға басымдық берілуде. Осы мақсатта көпжылдық гүлдер, сәндік бұталар, көгалдар мен альпілік төбешіктер кенінен қолданылып жатыр. Нұра ауданында кейінгі жылдары 24,5 мың ағаш пен 277 мыңға жуық сәндік және гүлдейтін бұта отырғызылды. Жыл соңына дейін тағы 8,5 мыңнан астам ағаш пен 132 мыңнан астам бұта егу жоспарланған. Қаланың жана табиғи аумақтарын көгалдандыру да назардан тыс қалған жоқ. Кіші Талдықөл аумағында биыл күзде ағаштар мен өзге де жасыл желектер отырғызудың алғашқы кезеңі басталады. Бұл ретте табиғи ландшафт пен қалыптасқан экожүйені барынша сақтау көзделген. Жасыл желекті көбейтумен қатар, Жбар өсімдікті күтіп-баптауға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Суару, зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеу, тыңайтқыш енгізу, суару жүйелерін қалпына келтіру және өзге де агротехникалық шаралар тұрақты жүргізіледі. Мұндай тәсіл жана көшеттердің санын арттырып қана қоймай, олардың жерсініп, ұзақ уақыт бойы қаланың жасыл қорына қызмет етуіне мүмкіндік береді. Осылайша, Астанада көшелер мен аулалардан бастап саябақтарға, желекжолдар мен «Жасыл белдеуге» дейін жалғасатын тұтас жасыл кеңістік қалыптасып келеді. Биыл елорданың жасыл қорына 1,1 млн-нан астам жана көшет қосылмақ. Еске салайық, бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың қалалық инфрақұрылымын дамыту, абаттандыру және көгалдандыру бағытындағы жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырған болатын. Қазір елорданың барлық алты ауданында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Кейінгі жылдары қалада 500-ге жуық қоғамдық және аула кеңістігі жаңартылды.

Айна ХАСАН

Кәсіпорынның атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны. Аймақ: Астана қаласы Лауазым атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директорының орынбасары, 1-бірлік. Функционалдық міндеттері: Астана қаласындағы және Алматы филиалындағы жұқпалы ауруларды диагностикалау зертханаларына, сақталған микроорганизмдер штамдарының ұлттық коллекция зертханасына, Астана қаласындағы және Алматы филиалындағы сынамааларды қабылдау және

ақпараттар бөлімдеріне, Астана қаласындағы және Алматы филиалындағы шаруашылық бөлімдеріне, сапа менеджеріне, Алматы филиалының директорына басшылық жасауды және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады; Қойылатын талаптар: Ветеринария мамандықтары бойынша жоғары білім (ветеринария, ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария). Жұмыс тәжірибесі: Мамандығы бойынша республикалық немесе облыстық деңгейдегі ветеринариялық зертханаларда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе ветеринария саласындағы республикалық немесе облыстық деңгейдегі басшылық лауазымдарда мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс. Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын,

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; — Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы», «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «ҚР сәулет және қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдары; — Кәсіпорын Жарғысы; — еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер; — Қазақстан Республикасының осы қызмет саласын реттейтін өзге де заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілері. Ақпараттық базаларды пайдалану мүмкіндігі. Дербес компьютермен жұмыс істеу дағдылары

(пайдаланушы деңгейі, Microsoft Word бағдарламаларын білу, Excel). Конкурса қатысу үшін келесі құжаттар қажет: 1. Конкурса қатысу туралы өтініш; 2. Білім туралы құжаттар және оларға қосымшалар; 3. Еңбек қызметін растайтын құжат; 4. Түйіндеме; 5. Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама; 6. Үміткердің сыйбалас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер. Сұхбаттасу орны: Астана қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, 2-кіреберіс Сұхбаттасу өткізілетін күн: 29 қыркүйек 2026 жыл Анықтама алу үшін байланыс: 8/7172/647871 Құжаттарды жіберу (E-mail): kadyr-nrcv@yandex.kz Құжаттарды қабылдау мерзімі - 7 күнтізбелік күн 2026 жылғы 15 қыркүйектен 21 қыркүйекті қоса алғанда, сағат 17:30-ға дейін.

SPORT STYLE

15 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан спорты үшін апта түрлі нәтижеге толы болды. Әлемдік теннис төріндегі тарихи жеңіс, көркем гимнастика мен еркін күрестегі жүлделер ел мерейін үстем етсе, кейбір командалық жарыстарда сәттілік серік болмады. Дегенмен әрбір дода – жаңа тәжірибе, әр нәтиже – алдағы сындарға жасалған қорытынды. Халықаралық ареналарда бақ сынаған қазақстандық спортшылар бұл жолы да жеңіс қуанышы мен жеңіліс сабағын қатар өткерді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЕЛЕНА РЫБАКИНА –
ӘЛЕМНІҢ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ

Казакстан теннисінің тарихында тағы бір айтулы белес бағындырылды. Нью-Йорк кортында жарқын жеңіске жеткен Елена Рыбакина US Open-2026 турнирінің чемпионы атанып қана қоймай, әлемдік рейтингтің ең биік сатысына көтерілді. Осылайша, казакстандық теннисші бір турнирде екі бірдей тарихи жетістікке қол жеткізді.

Елена Рыбакинаның тарихи жеңісіне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев теннисшіні құттықтады. Президент бұл зор жетістік оның әлемнің бірінші ракеткасы атануына әбден лайық екенін тағы бір мәрте дәлелдегенін атап өтті.

«Сіз тағы да нағыз кәсібиліктің, максаткерліктің және корттағы мінсіз мәдениеттің үлгісін көрсеттіңіз. Бүкіл Қазақстан Сіздің жетістіктеріңізді мактан тұтады! Бұл жарқын жеңіс жаңа спорттық белестерге бастасын, ал Сіздің шеберлігіңіз Қазақстанның жас теннисшілеріне үлгі болсын», — делінген Президент құттықтауында.

АҚШ ашық чемпионатының финалында Рыбакина Беларусь өкілі Арина Соболенкоға қарсы ойнады. Үш сетке созылған тартысты кездесуде казакстандық спортшы 6:4, 5:7, 6:2 есебімен басым түсті. Шешуші сәттерде салқынқандылық танытып, ойын тізгінін уысынан шығармаған Рыбакина Нью-Йорк төрінде алғаш рет чемпиондық кубокты төбесіне көтерді. Бұл — Еленаның US Open додасындағы алғашқы, ал «Үлкен дулыға» турнирлеріндегі үшінші жеңісі. Бұған дейін ол 2022 жылы әйгілі «Уимблдонды» бағындырса, биыл Australian Open турнирінде топ жарған еді. Бір қызығы, Мельбурндегі финалда да Рыбакинаның жолында Арина Соболенко тұрған. Осылайша, казакстандық теннисші 2026 жылғы маусымда екі бірдей «Үлкен дулыға» додасының жеңімпазы атанды.

Нью-Йорктегі табыс Қазақстан спортының тарихына да жаңа парак қосты. US Open қорытындысынан кейін Рыбакина WTA әлемдік рейтингінде алғаш рет бірінші орынға көтерілді. Ол — Қазақстан атынан өнер көрсететін теннисшілер арасында ғана емес, еліміздің ерлер мен әйелдер арасындағы жеке-лей спорт түрлері өкілдерінің ішінде әлемдік теннис рейтингінің шыңына шыққан тұңғыш спортшы.

Кезінде «Уимблдондағы» жеңісімен казак теннисінің атын әлемге танытқан Рыбакина енді жаңа биікке көтерілді. Нью-Йорктегі чемпиондық пен әлемнің бірінші ракеткасы мәртебесі — бір спортшының ғана жеңісі емес, Қазақстан теннисінің халықаралық аренадағы беделін айшықтай түскен тарихи нәтиже.

БРНО ТӨРІНДЕГІ
БЕС ЖҮЛДЕ

Қазақстандық көркем гимнастика шебері Акмарал Ерекешева Чехияның

ҮЗДІКТЕР

ҮКІЛЕГЕН
ҮМІТ



Нью-Йорктегі табыс Қазақстан спортының тарихына да жаңа парак қосты. US Open қорытындысынан кейін Рыбакина WTA әлемдік рейтингінде алғаш рет бірінші орынға көтерілді. Ол – Қазақстан атынан өнер көрсететін теннисшілер арасында ғана емес, еліміздің ерлер мен әйелдер арасындағы жеке-лей спорт түрлері өкілдерінің ішінде әлемдік теннис рейтингінің шыңына шыққан тұңғыш спортшы.

Брно қаласында өткен Гран-при кезеңін бес медальмен қорытындылады. Ұлттық құрама спортшысы бір алтын, төрт күміс жүлде иеленіп, халықаралық додада жарқын өнер көрсетті. Акмарал алдымен көпсайыс бағдарламасында шеберлігін байқатты. Төрт жаттығудың қорытындысы бойынша 116,500 ұпай жинаған ол күміс жүлдеге ие болды. Бұл көрсеткіш спортшының жеке рекордына айналды.

Жарыстың шешуші күнінде жеке-леген жаттығулар бойынша финалдық сындар өтіп, Акмарал төрт бағдарламаның барлығында да жүлдеге қол жеткізді. Әсіресе шығыршықпен орындалатын жаттығу казакстандық гимнаст үшін сәтті болды. Акмарал 29,150 ұпай жинап, алтын медальді

жеңіп алды. Одан небәрі 0,050 ұпай кем жинаған украиналық Полина Карика екінші орынға тұрақтаса, өзбекстандық Лола Джураева қола жүлдені иеленді.

Доппен жаттығуда Ерекешева 28,000 ұпаймен күміс жүлдегер атанды. Бұл сында украиналық Таисия Онофрийчук 28,450 ұпаймен топ жарды. Ұршықпен



орындалатын жаттығуда да Акмарал 29,050 ұпай жинап, тұғырдың екінші сатысына көтерілді. Ал таспамен өткен финалда 27,600 ұпай еншілеп, тағы бір күмісті қоржынға салды. Осылайша, Брно төріндегі бәсеке Акмарал Ерекешева үшін бес бірдей жүлдемен түйінделді. Бір алтын мен төрт күміс — жас гимнасттың халықаралық аренадағы әлеуетін тағы бір мәрте айқындаған нәтиже.

Акмаралдың жеке бапкері Меруерт Балғынбаева Брнодағы жарыс маңызды дайындық кезеңі болғанын, оның нәтижелері алдағы додаға дейін жетілдіретін тұстарды айқындауға мүмкіндік бергенін атап өтті. Айтуынша, қазір бар-



үздік гимнасттарымен бәсекеге түсе алатындай дайындау үшін жұмыс істейміз. Әлем чемпионаты мен Олимпиада — кез келген спортшы мен бапкер ұмтылатын ең үлкен белестің бірі, — деді бапкер.

Енді Акмаралдың алдында бұдан да жауапты сын тұр. Ол Қазақстан ұлттық құрамасының сапында Жапонияның Аичи префектурасы мен Нагоя қаласында өтетін XX жазғы Азия ойындарында ел намысын қорғайды. Көркем гимнастика бәсекелері 1–3 қазан аралығында өтеді. Брнодағы бес жүлде — Азия додасы алдындағы жақсы нышан.

БОЗКІЛЕМДЕ
БӘСІ БИІК БАЛУАНДАР

Қазақстанның еркін күрес құрамасы Армения астанасы Ереванда өткен Степан Саргсян кубогын сегіз медальмен аяқтады.

15 елден 181 балуан бас қосқан халықаралық бәсекеде отандастарымыз бір алтын, екі күміс және бес қола жүлде иеленді.

Қазақ балуандары үшін жарыстың ең жарқын сәті 86 келіге дейінгі салмақ дәрежесінің финалында тіркелді. Асхаб Хаджиев шешуші белдесуде 2025 жылғы әлем чемпионы, америкалық Захид Валенсиямен күш сынасып, аса тартысты өткен кездесуде 12:11 есебімен жеңіске жетті. Әлемдік күрестің азұлы өкілін тізе бүктірген Хаджиев осылайша Қазақстан қоржынына турнирдегі жалғыз алтын медальді салды. Осы салмақта Рүстем Мырзағалиев қола жүлдеге ие болды. 65 келіде Өсімжан Дастанбек финалға дейін жетіп, күміс медаль еншіледі. Ал оның командаласы Әділ Оспанов қола жүлдеге қол жеткізді. 74 келіге дейінгі салмақта Дархан Есенғали үздік үштікті түйінделді.

Жарыстың екінші күнінде де ел қоржыны жүлдемен толықты. 61 келіде Мейрамбек Қартбай финалда Армения өкілі Саргис Бегоянмен белдесті. Кездесу 4:4 есебімен аяқталғанымен, қосымша көрсеткіш бойынша жеңіс қарсыласқа беріліп, қазақстандық балуан күміс медаль иеленді.


70 келіде Ернұр Нұрғазы қола жүлде үшін өткен белдесуде молдовалық Павел Граурды 4:1 есебімен жеңді. Ал 79 келіде Диас Сағдатов та қола медальға ие болды. Ереван бозкілеміндегі бәсеке Қазақстан құрамасы үшін сегіз жүлдемен түйінделді. Әсіресе әлем чемпионның жеңген Асхаб Хаджиевтің алтын жүлдесі ұлттық құраманың әлеуетін тағы бір мәрте аңғартты. Халықаралық додада жиналған тәжірибе мен әр салмақтағы жүлделі нәтижелер алдағы ірі жарыстар қарсаңында қазақ балуандарының бабын бағамдауға мүмкіндік берді.



лық дайындық алдағы Азия ойындарына бағытталып отыр.

— Әрине, Акмаралдың нәтижесіне көңілім толады. Бұл жарыс біз үшін маңызды дайындық кезеңдерінің бірі болды. Дегенмен біздің негізгі мақсатымыз — алдағы Азия ойындары. Сондықтан бүкіл дайындықты сол додаға бағыттап отырмыз. Қазіргі жарыстардағы нәтижелер арқылы қай тұстарды жақсарту керек екенін көріп, Азия ойындарына барынша дайын күйде баруға тырысамыз. Азияда бәсекелестік өте жоғары. Соңғы жылдары Азия елдеріндегі көркем гимнастиканың деңгейі айтарлықтай өсті, мықты спортшылар көп. Соған қарамастан соңғы әлем чемпионаты мен халықаралық жарыстардағы нәтижелер біздің де жоғары орындар үшін күресе алатынымызды көрсетіп отыр. Біздің міндетіміз — өзімізге байланыстының бәрін жасау, дайындықты жоғары деңгейде өткізіп, жарыста бағдарламамызды барынша таза орындау. Ал жарыстың қалай өрбитінін сол жерде көреміз. Әрине, медаль үшін күресуге мүмкіндік бар, — деді Меруерт Балғынбаева.

Бапкердің айтуынша, Акмаралдың алдағы кезеңдегі басты міндеті — қазіргі деңгеймен шектелмей, халықаралық бәсекеде тұрақты нәтиже көрсетуге ұмтылу. Ол спортшының мүмкіндігін одан әрі шыңдау үшін дайындық



барысында барлық ұсақ детальға дейін мән берілетінін жеткізді.

— Нәтиже тек талантқа байланысты емес. Күнделікті еңбек, тұрақтылық, психологиялық дайындық, денсаулық және маңызды жарыстарда өз мүмкіндігіңді толық көрсете білу — бәрі үлкен рөл атқарады. Біздің мақсатымыз әрдайым жоғары. Сондықтан Акмаралдың деңгейін одан әрі көтеріп, әлемнің



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4789
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,